- ▶ Балдыршөп (Lemneae) - су бетінде қалқып немесе су ішінде өсетін көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Жапыраққа айналған сабағының ұзындығы 3—10 мм, ені 2—3 мм-дей, сопақша немесе домалақ пішінді болады. Жапырақтары жойылып кеткен не жұқа қабыршақ түрінде сақталған, сондықтан Балдыршөп тұқымдасының денесі жапырақтың да, сабақтың да, кейде тамырдың да қызметін атқарады. Балдыршөптер сирек гүлдейді.

Өте ұсақ гүлдері дара жынысты. Аталық және аналық гүлдері бір жерде топтасып гүлшоғырын құрайды.

► Кірпібас (*Sparganiaceae*) ұзын жапырақтары бар суға жартылай батырылған аласа (80 см-ге дейін) өсімдіктер. Кейбір түрлерде жапырақтары айтарлықтай етті және үш қырлы. Терең немесе ағынды суларда өмір сүретін түрлердің лента тәрізді жапырақтары толығымен су астында немесе олардың жоғарғы бөлігімен су бетінде төсеніш құрайды. Жапырақ тақталары ені 3-тен 12 мм-ге дейін, ашық жасыл, күздің соңына дейін түсін сақтайды. Гүлі дара жынысты, ұсақ, жұмыр гүлі қою, шар пішіндес, оның аталық гүлі жоғары, ал аналығы төмен орналасқан. Жемістер сумен және желмен таралады[6].

Қорыта келе, дара жарнақтылар көпшілік түрінің шаруашылық маңызы өте зор. Профессор-ботаник В.В.Ивановтың қолжазбалары бойынша Батыс Қазақстан аумағында дара жарнақты өсімдіктердің 263 түр және 78 туыс саны кездеседі. Аймақтың жазықты, жартылай шөлейтті, шөлейтті жерлерде таралған. Дара жарнақты өсімдіктерден адамдар ең маңызды қоректі өндіреді. Дара жарнақтылар көптеген фауна өкілдерінің азығы, сонымен қатар сәндік мақсатта, халық шаруашылығында және ғылыми медицинада кең пайдаланылады. Алайда көптеген құбырлар мен әр түрлі инфрақұрылымдардың күрт артуына байланысты бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктер саны және популяциясы кемуде. Сондықтан дара жарнақтылар класының флористикалық құрамын анықтау маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Modeling soilerosin in the Chagan river basin of the west Kazakhsatan with using RUSLE and GIS tools//Darbayeva,T; Ramazonova,N; Chashina,B; Berdenov,Zh; Mendybayev,E; Journal of Environmental Biology, всп. Special Issue; Lusknow Tom41, изд.2, (Mar 2020): 396-404. DOI: 10.22438/jeb/41/2(Si)/JEB-18

2 Иванов В.В. Определитель некоторых водных высших растений Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия. – Л., 1969, Вып. 4, ч. 1. – 55 с.

3 В.В.Иванов Солтүстік Каспий аумағының өсімдіктер жамылғысының биоалуантүрлілігі. Лалагүлділер мен алаботалар тұқымдастары (В.В.Иванов мұрасы): анықтамалық құрал/ ауд: Манкешева Н., Бушбай Ұ., Үсенхан С. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ, 2021. – 78 б.

4 Ботаника: Учебник для студ. Высш. Учеб. Заведений / Е.И. Барабанов, С.Г. Зайчикова. – 3-е изд., стер. – М. : Издательский центр «Академия», 2010. – С. 365-367

5 Иванов В.В. Осоковые Северного Прикаспия // Материалы по флоре и растительности Северного Прикаспия. – Л., 1968, Вып 3, ч. 1. – 37 с.

6 Иванов В.В. Определитель растений Северного Прикаспия: Маревые, Лилейные. – Л.: Наука, 1989. – С. 72-88.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БИДАЙ МЕН МАҚСАРЫ ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУГЕ ФИТОГОРМОНДАРДЫҢ ӘСЕРІ

*Хайрушева А.Е., Каирғалиева Д.М., 1 курс магистранттары
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Орал қ.*

Қазіргі таңда еліміздегі астық тұқымдастар мен майлы дақылдардың өнімдері әлемдегі жетекші экспорттық елдердің қатарына қосылуына зор ықпал етіп келеді. Қазақстан әлемдік нарыққа бидай және өсімдік майын тасымалдауда алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып табылады. Осы орайда ауыл шаруашылығында өсу реттегіштерін қолдану маңызды элемент болып табылады. Өсу реттегіштері - бұл өсімдіктердің өсуіне және дамуына әсер ететін органикалық заттар тобы. Олар өсімдіктерді түрлі ауруларға, сондай-ақ қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімділігін арттырады.

Астық тұқымдастары мен майлы дақылдардың ішінде жаздық бидай (*Triticum Aestivum* L.) және бояу мақсары (*Carthamus tinctorius* L.) өнімділік әлеуеті жағынан маңыздылығы жоғары өсімдік. Сондықтан бүгінде осы дақылдарға өсу реттегіштерін қолдану арқылы сапалы өнім алу ауыл шаруашылығының алдында тұрған өзекті мәселеге айналып отыр.

Бояу мақсары (*Carthamus tinctorius* L.) астра тұқымдасына (*Asteraceae*) жататын біржылдық қосжарнақты өсімдік. Қазіргі уақытта астра тұқымдасының (*Asteraceae*) 24000 түрі, 1200 туысы бар (қосжарнақтылардың ішіндегі ең үлкен тұқымдас), БҚО-да 62 туысы, 220 түрі кездеседі. Көпжылдық, екіжылдық және біржылдық шөптесін өсімдіктер [1].

Мақсары (*Carthamnus*) келесі морфологиялық сипаттамаларға ие: сабағы қатты, тік, цилиндр пішінді, сырты жылтыр, әрі түксіз, түсі солғын ақшыл-жасыл. Сабағының биіктігі сортына және климат жағдайына байланысты 50-100 см аралығында болады. Сабағы төменнен жоғарыға қарай жіңішкеріп өседі. Мақсары құрамында Е дәрумені, қанықпаған линолді қышқылы (70 %) және линоленді қышқылы (10 %) кездеседі. Жапырақтары – отырмалы, сағақсыз, ланцетті және сабақта бір - біріне қарама - қарсы орналасады. Жапырағының шеттері тісті, түрлеріне қарай өткір тікенді немесе тікенсіз болады. Сабақтың ортасындағы жапырақтары ірі, ал жоғары жағындағылардың аумағы кішірейіп, гүл шоғыры орамына айналады. Жапырақтарының түсі ашық – жасылдан қою-жасыл түске дейін кездеседі. Толық жетілген жапырақтарының ұзындығы 9-25 см, ені 3-8 см. Гүлдері ұсақ, түтікше тәрізді, себет гүлшоғырына жинақталған, сары немесе қызғылт – сары болып келеді. Түтікше тәрізді гүлді әдетте алғашқы (бастапқы) деп қарайды [2].

Жаздық бидай – астық тұқымдастарына (*Poaceae*) жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Қазір астық тұқымдастарының (*Poaceae*) 700-ге жуық туысы және 8000-ға жуық түрді қамтиды. Қазақстанда 101 туыс, 482 түрі, БҚО аумағында 47 туыс, 97 түрі белгілі.

Жаздық бидай (*Triticum Aestivum* L.) келесі морфологиялық сипаттамаларға ие: Өмірлік формасы - біржылдық - және екіжылдық шөптесін өсімдіктер. Сабағының ұзындығы 0,2-2 метрге дейін жетеді, буын аралығының іші қуыс, ал буындары ұлпалармен толтырылған болып келеді. Мұндай сабақты сабан деп атайды. Жапырақтары, әдетте жіңішке, ұзын, параллель жүйкеленген болып келеді және олардың қынапшасы болады. Қынапша дегеніміз трубка тәрізді болып келген жапырақтың кеңейген түп жағы. Қынапша сабақты оның буынынан жоғарырақ орап тұрады, одан жапырақ кетеді. Жапырақ тақтасының қынапшасынан кететін жерінде пленка тәрізді өскіні немесе тілшесі болады. Ол сабақпен қынапшаның арасында судың өтуіне мүмкіндік бермейді. Жемісі дән деп аталынады. Ал дән дегеніміз бір тұқымды жеміс, онда жемістің қабымен

дәннің кебегі бірігіп кетіп отырады. Дәнде эндосперм ұрықты қоршап жатпайды, ол оған бүйір жағынан жанасып, қалқанша деп аталынатын жалғыз тұқым жарнағына тікелей тиіп тұрады. Жел арқылы өздігінен және айқас тозанданатын өсімдіктер. Масағы жалғыздан, оның 3-тен 7-ге дейін гүлі болады. Дәндері әдетте 2—3 төменгі гүлдерінен пайда болады. Гүлшоғыры күрделі масақ [2].

Қазіргі классификацияға сәйкес фитогормондар өсімдіктердің өсуі мен дамуын, жасушалардың, ұлпалардың және мүшелердің өзара әрекеттесуін жүзеге асыратын, өсімдік организмдеріндегі морфогенетикалық және физиологиялық процестерді ынталандыратын және тежейтін күрделі биологиялық реттегіштер.

Тұқымдарды себу алдындағы өңдеудің барлық әдістері шартты түрде физикалық, химиялық және биологиялық болып бөлінеді. Тұқымға әсер етудің физикалық әдістерінің ішінде электромагниттік сәулеленуді, ультракүлгін сәулелерді, лазерлік қондырғыларды, тәжді разрядты және т.б. қолдануға көп көңіл бөлінеді [3]. Өсімдік тұқымын өңдеудің химиялық әдістеріне тұқымды өсу реттегіштерімен, ингибиторларымен, микротыңайтқыштармен, микроэлемент тұздарымен өңдеу жатады. Өсімдіктердің өсуін ынталандырудың биологиялық әдістеріне микроорганизмдердің, саңырауқұлақтардың, суспензиялардың және бактериялардың қалдықтары негізіндегі препараттар жатады. Көрсетілген әдістер әрқашан күтілетін нәтижелерге әкелме бермейді [4].

Функционалдық әрекеті бойынша фитогормондардың 5 негізгі тобын ажыратады – ауксиндер, гиббереллиндер, цитокининдер, абсциз қышқылы, этилен. Олар фитогормондар - стимуляторлар (ауксиндер, гиббереллиндер, цитокининдер және салыстырмалы түрде жақында ашылған - брассиностероидтар немесе жезендер, жасмин және салицил қышқылдары) және ингибиторлар (абсциз қышқылы, этилен және фенол ингибиторлары) болып бөлінеді.

Ауксиндер – бидай мен мақсарының сабағы мен тамырларында өсіп келе жатқан шынқандарды түзетін заттар тобы. Фитогормондар концентрациясына байланысты өсімдікке екі фазада әсер етеді: төмен дозада өсуді тездетеді, ал жоғары дозада оны тежейді. Дәнді дақылдардың колеоптильдерінің өсуіне, өсімдік сабақтарының, жапырақтары мен тамырларының өсуіне әсер етеді, органдардың иілуін тудырады.

Гиббереллиндер флуорен қатарының дитерпеноидтарына жататын қосылыстар және құрылысы жағынан бір-біріне өте ұқсас. Оларды алғаш рет жапон ғалымдары Куросава мен Сумика (1926) *Gibberella* тұқымдасының саңырауқұлағы тудыратын күріш ауруын (шамадан тыс өсу) зерттеу барысында ашты (қазір ол тұқымдасқа көшті). Оның жерлесі Т.Ябута (1935) осы саңырауқұлақтан кристалдық түрдегі гиббереллинді бөліп алып, оған осындай атау берді. 1955 жылға қарай бірінші гиббереллиннің құрылымы түпкілікті белгіленді. Өсімдіктер ұқсас заттарды – эндогенді гиббереллиндер шығарады. Бұл өсімдік гормондарының ең кең класы, олардың 100-ден астамы белгілі. Гиббереллиндер ауксиндерге қарағанда бидай мен мақсары дақылдарының өсуін ынталандырады.

1962 жылы жүгері тұқымдарынан табиғи цитокинин – зеатин – 6 – (4 – окси – 3 – метил – 2 – энил) аминопурин бөлініп алынды. Жасушада цитокининдер адениннен түзіледі. Цитокининдер жасушадағы ДНК синтезіне ықпал етеді, өсімдіктердегі жасушалық циклдің S-фазасын басқарады. Олар тамыр ұшында синтезделеді, ондағы органикалық заттарды тартады және ұстайды.

Абсциз қышқылы – өсімдіктерде солу процессін, жапырақтың түсуін, тыныштық күйін реттейтін гормон болып табылады. Өсімдіктердің өсуін тежейді. Химиялық табиғаты бойынша 15 көміртегі атомы бар изопреноид – сесквитерпеноид. Алғаш рет абсциз қышқылын 1963 жылы американдық ғалымдар Ф. Эддикотт пен Ф.Уоринг ашты. Оның биосинтезі виолаксантин сияқты каротиноидтардың арнайы бөлінуі арқылы пайда болады. Абсциз қышқылы өсімдіктердің барлық мүшелері мен ұлпаларында кездеседі және олардың жапырақтары, тамырлары, тұқымдар және жемістерінде синтезделеді. Жапырақ жасушаларының хлоропласттарында жиналады. Абсциз қышқылы әсіресе құрғақшылық жағдайларда су балансын сақтау үшін маңызды.

Этилен – қанықпаған көмірсутек ($CH_2=CH_2$) өсімдік ұлпаларының өмірлік маңызды өнімі, ауксиндермен белсендірілген бірқатар метаболикалық және морфогенез процестерін белсенді түрде басады. Этилен өсімдіктің ұзындығын тежейді, жапырақтардың түсуіне ықпал етеді және негізгі тамырдың өсуін тежейді. Егер өсімдікте ауксиндер тым көп болса, онда фитогормон-ингибитор этилен синтезі басталады. Сонымен қатар, стресске ұшыраған кез келген органдарда абсцисс қышқылының да, этиленнің де көп мөлшері жиналады. Сондықтан бұл фитогормондарды жиі стресс гормондары деп атайды [5].

Қорытындылай келе, Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылық өсімдіктеріне тиімді әсер ететін фитогормондарға әдеби шолу жасалды. Соның нәтижесінде көптеген зерттеушілер адам мен қоршаған орта үшін қауіпсіз физиологиялық белсенділіктің кең ауқымына ие өсу реттегіштерін жасауға және қолдануға ерекше назар аударып, олардың өсімдіктердің даму мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мәдени дақылдардың өнімділігін арттырудың экологиялық таза және экономикалық тиімді әдіс екендігі дәлелденді.

Жаздық бидай мен бояу мақсарының тұқымын өсу гормондарымен алдын ала өңдеу тұқымның ісіну дәрежесін өсіріп, өсімдіктердің өсуі мен дамуының бастапқы кезеңінен-ақ өсу процестерін күшейте алады, соның арқасында бұл өсімдіктер бірқатар стресстік факторларға төзімді және қоршаған ортаның қолайсыз жағдайынан аз зардап шеге алады. Осылайша, өсімдіктердің өсу гормондарын пайдалану жаздық бидайдан алынатын астықтың және бояу мақсарынан алынатын өсімдік майының өнімділігі мен сапасының артуын қамтамасыз ете алады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Дарбаева Т.Е. Өсімдіктер систематикасы // Оқу құралы.- Орал, 2007.- 80.б.
- 2 Ә.Ә. Әметов Ботаника // Оқулық. – Алматы. 2005 – 417-445 б.
- 3 Повышение эффективности предпосевной СВЧ-обработки семян / Н. Д. Полевик [и др.] // Механизация и электрификация сельского хозяйства. 2012. № 5. С. 23–24.
- 4 Васильев А. А., Мушинский А. А., Горбунов А. К. Влияние биостимулятора мивал-агро на урожайность картофеля на Южном Урале // АПК России. № 23/4. 2016. С. 773–777.
- 5 Ю. П. Федулов, В. В. Котляров, К. А. Доценко, А.Я. Барчукова, Я.К. Тосунов, Ю.В. Подушин. РОСТ И РАЗВИТИЕ РАСТЕНИЙ // Краснодар 2013 С. 21-46

ӘОЖ 551.468.4(574.1)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШЕЖІН ЖӘНЕ БАЛЫҚТЫ КӨЛТАБАНДАРЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ АҚМАМЫҚ (*RUCCINELLIA*) ЖӘНЕ ҚОҢЫРБАС (*POA*) ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Карлова З.Т., Жақсыбаева Д.Қ.

1-курс магистранттары

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Батыс Қазақстан облысының көлтабандарын зерттеу ХХ ғасырдың 20-30 жылдары жылдары академик И.В.Ларин басшылығымен жүргізіле бастады. Ол Еділ-Жайықөзендерінің суайрықтарындағы 600-700 мың гектар көлтабандардың шалғын топырақтарындағы табиғи шабындықтардан гектарына 60-70 центнерге дейін пішен алуға болатынын ерекше атап өтті. Көлтабандарда өсетін табиғи шөп жамылғысының геоботаникалық ерекшеліктері мен динамикасын және биоэнергетикалық ерекшеліктерін

И.В.Ларин, Т.К.Гордеева, И.В.Ларин, Ф.Я.Левина, О.М.Грищенко т.б. зерттеген. Батыс Қазақстан облысында көлтабандап суарылатын жерлерді тиімді пайдалану және суарудың гидрологиялық және гидрогеологиялық негіздері ХХ ғасырдың 70-80 жылдары профессор, а.ш.ғ.д. И.М.Фетисов басшылығымен жүйелі зерттеле басталды. Батыс Қазақстан облысының далалық және жартылай шөлейтті аудандарында тұрақты жемшөптік базаны құрауда, аз шығынды жемшөп өндіруде және халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайын жақсартуда көлтабандап суару үлкен рөл атқаратынын атап өтті. Осы жылдары облыста ірі және инженерлік 3 жабдықталған көлтабандар суару-суғару жүйелері толық іске қосылды (Жайық-Көшім, Жәнібек, Сары Өзен, Қараөзен, Бұлдырты, Қалдығайты, Өлеңті, Шежін, Балықты суару-суландыру жүйелері т.б.) [1].

Көлтабандар пішіні дөңгелек кейде эллипс тәрізді болады. Көлтабандарды суару ерте көктем кезінде су тасқынымен сәйкес келетін мерзімде жүргізіледі. Көлтабандарда суару ұзақтығы 10 тәуліктен 25 (40) тәулікке дейін болады. Батыс Қазақстан облысында табиғи көлтабандардың шеткі аймақтарында суару тереңдігі 0-50 см дейін болса, орталық бөлігінде 0,50-100 см дейін терең сулы көлтабандардың орталық бөлігінде 100-200 см тереңдікке дейін су жайылады. Көлтабандарда қолайлы ылғал режимінің пайда болуы өсімдік құрамында мезофит түрлердің басым кездесуіне әкеледі. Көлтабандар топырағы мен өсімдіктерінің таралуын анықтайтын негізгі факторларға аймақтың микрорельефі мен су режимі жатады. Топырақ ылғалдылығының және жер асты суының тұздану мөлшері өзгеруіне байланысты түрлі экологиялық қатарлар немесе микробелдеу түзіледі. Аймақтық топырақтары қызыл қоңыр немесе ашық қызыл қоңыр болатын минералданбаған жер асты суы 3-4 метрде тереңдікте жататын көлтабандардың бірінші белдеуінақ жусанды – әртүрлі шөпті – қоңырбасты және ақ жусанды, ақ мамықты – әртүрлі шөпті өсімдіктер қауымдастығы алып жатады. Аймақтың тұздану дәрежесіне қарай қоңырбастардың үлесі 30-60%-ға дейін болады. Су бастыру ұзақтығы 10-15 күн болатын белдеуде әр түрлі шөпті-қоңырбасты және миялы-қылтықсыз арпабасты – бидайықты қауымдастықтар кездеседі [2].

И.М.Фетисовтың пікірінше қазіргі кезде облыста 192 мың га. көлтабандар бар. Көлтабандардың қалған бөлігі қайта тұздану, батпақтану, сортаңдану т.б. әсерінен өз құнарлықтарын жоғалтуда. Көлтабандардың суару режимінің бұзылуы салдарынан өсу ортасының өзгереді, сөйтіп экотопикалық флуктуациялар байқалуда [3].

БҚО-да көлтабандарды суарудың перспективасы өте жоғары. Қазақстанда мал шаруашылығы қажетті пішеннің 37% дайындауға болады. Топырақтары тұзданған және сортаңданған көлтабандарды тізімнен шығарып тұзға төзімді өсімдіктер өсіру арқылы жақсартуға болады. Бірақ ескерілетін мәселе грунт сулары жер бетіне жақын орналасатын шалғын және шалғынды қызыл қоңыр топырақты учаскелерді жыртуға болмайды.

Балықты жайылмасының су тасқыны судың қатты минералдануымен сипатталады. Шектес алаңдарда бидай шөптерінің нашар дамуы кезінде жиі кездеседі. Дала өзендерінің Каспий маңы ойпатында – дала өзендерінің жазыққа шығуы немесе өзендердің су деңгейінің көтерілуі және көктемгі су тасқынының көтерілуі кезінде кездеседі. Оларға 10 мың гектардан астам Шежін және Дерін кіреді. Олар көктемде Шежін, Дерін, Үлкен және Кіші Өзен өзендерінің тасуының су астында қалады. Балықты жайылмасы Шежін мен Деріннің оңтүстігінде орналасқан және олардың тікелей жалғасы болып табылады. Олардың арасындағы табиғи шекара - Балықты көлі. Балықты жайылмасының алып жатқан жер аумағы 470 км² шамасында [4].

Балықты жайылмасының көлтабанында мал азықтық бағалы шүйгін шөптердің басым көпшілігін қоңырбас қауымдастықтары құрайды. Қоңырбас (*Poa*) – астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық өңірінде таралған. Қара, құм топырақты, саз балшықты жерлерде, дала мен шөлді аймақта өсетін 38 түрі бар. Батыс Қазақстан облысында ең кең таралған өкілі – шалғынды қоңырбас (*Poa pratense* L.). Балықты көлтабандарында қоңырбас қауымдастығының 28%-ы кездеседі.

Шежін жайылмасы табиғи көлтабандарындағы өсімдіктер қауымдастығының негізгі

мөлшері түрдің ареалына байланысты Евразиялық аймаққа тән. Зерттелген түрлердің ішінде даражарнақтыларға (18 түр, 38%) қарағанда қосжарнақтылар (30 түр, 62%) басымдық танытты. Түрлерге бай тұқымдастар, олар: Poaceae (11 түр), Asteraceae (10 түр), Fabaceae (4 түр), Lamiaceae (4 түр), Brassicaceae (3 түр) және Rosaceae (3 түр). Ақмамық қауымдастығының өсімдіктер жамылғысына флористикалық талдау жасала отырып, анықталған өсімдіктердің биоморфологиялық және географиялық құрылымы талданды, фитоценодикалық және экологиялық топтары анықтала отырып шаруашылық маңызы да айқындалады [5].

Қазақстандағы өсімдіктердің инвазивті түрлерінің ішінде ақмамық (*Puccinellia*) бірқатар себептерге байланысты ерекше назар аударуға лайық. Өйткені ақмамық – құрамында протеині көп, мал шаруашылығында құнарлы, жоғары өнім беретін, құрғақшылыққа төзімді, тамырынан дәрі жасайтын астық тұқымдасына жататын өсімдік [6].

Ақмамық (лат. *Puccinellia*) туысы – астық тұқымдасына жататын, шамамен 150 түрі кездесетін көп жылдық шөптесін өсімдік. Италиялық ботаник Бенедетто Луиджи Пуччинеллидің (1808—1850 жж.) құрметіне аталған өсімдік түрі 10-80 см биіктікте өседі. Жерасты өсімдіктері жоқ, сабағы тік, жапырақтарының ені 0,5—5 мм болатын сызықты, жалпақ немесе бүктелген, жалаңаш немесе өрескел формада болады. Жемісі—ұзындығы 0,8-2,5 мм болатын кариопсис, гүл табандарымен бірге түседі. Ұзын немесе дөңгелек пішінде кездесіп, ұрықтан 4-6 есе қысқа болады.

Қазақстанда ақмамықтың 15 түрі таралған. Олар сортаңды шалғындарда, өзен, арық бойларында, құмды жерлерде, тау бөктерлерінде және оның биік қыраттарында өседі. Шежін жайылмасы көлтабандарында бытыраңқы ақмамық (*Puccinellia distans* L.) көп кездеседі. Олар көлтабанның 38 %-ын алып жатыр [7].

Батыс Қазақстанның далалық аймағында ақмамық (*Puccinellia distans* L.), қоңырбас (*Poa pratense* L.) қауымдастықтары жоғары өнімділік беретін, мал азықтық дақыл ретінде өте көп кездесті. Алайда ауа райының өзгерісі, соның ішінде жауын-шашынның аз болуы, суару жүйесінің дұрыс жүргізілмеуі салдарынан бүгінгі таңда бұл өсімдіктердің саны азайып кетті. Егер суару режимі біркелкі болып, ылғал мол болған жағдайда ақмамық пен қоңырбастың өсу биіктігі де жоғары болады. Соған сәйкес биологиялық өнімділігінің мөлшері де көтеріліп, азықтық дақыл ретінде шабындықта қолдану арқылы жемшөп сапасының құрамын жақсартуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кожалиева Р. Ж., Кучеров В. С., Фетисов И. М. // Инновация в аграрном секторе Казахстана : материалы международной научнопрактической конференции, посвященной 75-летию профессора К.С.Сабденова. – Алматы, 2008. – С. 23-26.
2. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда ЗападноКазахстанской области / А. В. Петренко [и др.]; под ред. А. В. Петренко, А. А. Джубанов. – Уральск, 1998. – 200 с.
3. Ларин И. В. Растительность, почвы и сельскохозяйственная оценка Чижинских разливов / И. В. Ларин // Материалы особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. – 1927. – Гл. 3, 4, 6.
4. Каталог водопользования бассейнов рек Чижа-2, Чижа-1 и др. водотоков Чижинско Дюринских разливов. - Уральск, 1981. – 58 с.
5. Дарбаева Т.Е. Өсімдіктер систематикасы // Оқу құралы. – Орал, 2007 – 166.
6. Дарбаева Т.Е., Альжанова Б.С., Бохорова С.Н. Өсімдіктер қауымдастығының зерттеу әдістемесі // Оқу-әдістемелік құралы. – Орал. 2018 – 135 б.
7. Ә.Ә. Әметов Ботаника // Оқулық. – Алматы.2005 – 417 б.

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Хатимуллина Аружан, 1 курс магистранты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің БҚО, Орал қ.*

Білім – қоғам өмірінің қайнаған ортасындағы маңызды сала әрі болашақ болжамының кепілі. Қоғам өмірінің қайнаған майданындағы білім беру, меңгеру, оны қолдану көрсеткіштерінің сапасына қарап – болашақтың шыңы мен жетер шегін көруге болады. Қазіргі жаңа заманда білімнің бағыты да, бағдары да, тіпті құны да өзгерді десек болар. Білімнің сипаты өзгерген соң - білім берудің бағытының да өзгерері сөзсіз. Дамыған елдің қатарынан «тысқары» қалмау үшін бәлкім, не еліміздің болашағын биікте ұстайтын жастар қалыптастыру үшін, «заманауи әлемнің» тілін түсінетін тұлға тәрбиелеп шығару үшін білім беру саласының қоғамға үнемі бір жаңалық әкеліп отыратыны бәрімізге мәлім. Алайда оның барлығын тез қабылдау, практика жүзінде іске асыру – біздің қоғам үшін соншалықты оңай ма?! Саналы да сауатты ұрпақ тәрбиелеп, дұрыс бағдарлы жол сілтеп, білім беру – тікелей ұстаздың қажырлы жұмысы әрі қоғамның ойынша «мұғалімнің мойнындағы міндеті». Міндет қылып жүктегені шындық-ақ: еңгізген жаңа білім реформаларына «үйрен, үйрет» деп ұстаздарымызды салып жіберіп, «ұстаз» тұлғасын өзіміз жасап шығаратын кезге де жеткендейміз. Әр мұғалім өзіне тән тұлғалығымен, сауаттылығымен оқушыны баурайтыны, үлгі тұтарлықтай мінезінің болатындығы қайда қалды?!

Әрине, жаңа замандағы білім саласының ұтымды да пайдалы жақтарының мол екендігін де естен шығармаған жөн. Бірақ, ол туралы «білім туралы жаңа реформалар» шыққан кезде авторларының өзі-ақ жіпке тізіп баяндағанынан барлығымыз хабардар шығармыз. Әр нәрсенің оң нәтижесімен қоса, мәселелерінің туындайтыны да белгілі. Өз мақаламда көрген аз да болса мектеп қабырғаларындағы сараманнан алған тәжірибем мен түйген ойларымнан, естіп, көріп жүрген ұстаздардың наразылығынан сол мәселелерге тоқталуды жөн көрдім.

«Білім беру саласында "ар білімі" деген білім оқытылуға тиіс деп ойлаймын» - деп Шәкәрім Құдайбердіұлы ағамыз айтқандай ең бірінші сауатты қоғам қалыптастыру үшін – тәрбие білімін жетілдіру қажет. Пәндік білімді күшейтеміз деп тәрбие білімі қалыс қалғандай. Мектеп оқушылары қазір барлығы заманауи. Заман ағымына ілесіп, көшінен қалмай еруде. Жаңашыл, жан-жақты болғандары дұрыс-ақ, бірақ сауаттылық пен білімді қатар меңгерген артық болмас. Еңгізілетін білім заңдары мен реформалардың орындау керек талап-ережелері оқушылар үшін - мұғалім ойлап тауып, күштеп орындатып жатқандай. Осыдан мұғалімнің оқушының алдындағы дәрежесі, «ұстаз» статусы төмендеп, тәрбие, ар білімі жайына қалатындай. Қазіргі заманда ең керек құндылық – ар мен тәрбие білімі қатар берілсе, қоғам өмірі де тәрбие ағысына ілесіп, өмір сүру мүмкін жеңілірек болар еді...?! Балабақшадан бастап, ЖОО дейін бұл ілімді оқу процесінен қалдырмау керек деп есептеймін.

Білім беру жүйесіндегі кезекті мәселе – жаңартылған білім беру жүйесінің тиімсіз тұстарының болуы. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2017-2018 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу жұмыстары басталып, оқушыларды жаңа дағдыларға үйретуге, ғылыми сауаттылықтарын жетілдіруге, адамгершілік құндылықтарын арттыруға көңіл бөліне бастады. Бірақ, басты мақсат – 12 жылдық білім беруге көшу сатысында жалпы білім беру мектептерінде даму деңгейі әртүрлі балаларды оқыту жолында мұғалімнің кәсіби, құзырлық, шығармашылық деңгейін көтеруге көмек көрсету, тәжірибемен бөлісу болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету,

әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Барлық мақсат жақсы құрылған, мұғалім үшін де, оқушы үшін де ұтымды тұстарын көруге болады. Бірақ, барлығы үшін ұтымды болды ма?! Барлығы бірдей әлем кеңістігіне қол жеткізетіндей білімді меңгеріп жатыр ма?! Оқушылар жаңа оқу дағдыларына үйренді: жұптық жұмыс, топтық жұмыс олар үшін тиімдірек болды. Сабақта барлық оқушы қамтылады, бірақ сол қамтылғандардың барлығы бірдей сабақ мазмұнын меңгере алды ма? Кейбір оқушылар көптің көлеңкесінде қалып кетуі мүмкін. Жаңа сабақ мазмұнын бұрынғыдай мұғалім емес, оқушылар өздері оқып, сол арада бір-біріне түсіндіретін жүйе қалыптасқан. Сол жерде ғана мазмұны талқыланған білім, сол жерде қалып кетеді. Оқушы түсінбеуі мүмкін, тіпті көппен сол арада дайындалып, өз бетімен сабақ мазмұнын қорытпай, әділетсіз бағаланып кетуі де мүмкін. Бағалау жүйесі демекші – оның да осал тұстарын байқадым. Бағалау әр сабақ қорытындыланған кезде қалыптастырушы бағалау арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін, оқу бағдарламаларындағы бөлім тақырыптарын аяқтаған кездегі бағалау түрі. Оқушылардың көпшілігі осы бағалауға сеніп алған. Бұрынғыдай сабақ мазмұнын меңгермесе, сабаққа қатыспаса баға қоймаймын деп оқыта алмаймыз. Бұрын мүмкін бұл қорқыту болып көрінгенмен – сол кезде білім мен тәрбие көрсеткіші жоғары болды, оқушылар сауатты болды. Бакалавр білімін алып жүрген кезде міндетті педагогикалық сараманнан – мектептен өткен болатынмын. Сол кезде оқушылармен бағалау кезінде жоғарыдағыдай жағдай орын алды. Қызығушылықпен ғана сабаққа араласады, сабақ барысында ерекше дайындалады, бірақ бағалауға келген кезде немқұрайлы. «Жиынтық бағалауда қазір оқымай-ақ жоғары баға аламыз» деп сабақ мазмұнын толық меңгеруге аса бір жауапкершілік алмайды. Жиынтық бағалау тапсырмасын орындау кезінде де «өздері айтқан жоғары бағаны» оңайлықпен де алатындарды көзім шалды. Не үшін сенімділікпен жауап берді десем, олар көшіріп алуды әдетке айналдырған екен. Сабақ мазмұнын жатқа білмесе де, көшіріп алып, жоғары баға алудың жолдарын жақсы меңгерген. Заманына қарай оқушылар да жаңалыққа басқаша бейімделе бастаған. Мүмкін мұндай ептілікпен әлем кеңістігін шарлайтындай мүмкіндіктер ашылатын шығар, бірақ ғылыми сауаттылықтары жоғары болып, білім кеңістігінде биікке шыға алмасымыз анық. «Білекке емес, білімге сенетін заманда» өз болашағымызды «әлемдік стандартқа сай» емес, өзімізге ыңғайлы әрі нәтижелі жоспарлауды құптар едім. Осы орайда мұғалім үшін де тағы бір артық жұмыстың шығары анық. Білім беремін деп жүріп, бірақ оның зая кетіп жатқанын көріп оқушыларды тәрбиелеу құралдарына баса назар аударылып кетеді. Мұғалімнің не нәрсеге назар аударатыны, ол үшін қандай құндылықтардың басым болатындығы және білім беру мен тәрбиелеу үдерісінің қандай бағытта құрылып, қалай жүзеге асыру жолы – жоспарланған қадамдарына байланысты. Артық әрекетті қажет етпейтін, бірақ ұтымды да нәтижелі жоспар арқылы жұмыс атқару жемісті болары сөзсіз.

Жаңа заманауи мүмкіндіктер қоғамында білім беру саласының цифрлік технологиясыз алға жүруін де елестету мүмкін емес шығар. Білім беру саласында да, сан түрлі ғылымдар арасында да цифрлік технологиялардың жүретіні анық әрі үйреншікті құбылыс. Мектеп қабырғасында да білім берудің жаңа технологияларынан, инновациялық технологиялардан бөлек цифрлік технологиялармен жұмыс жасау қалыптасып қалған жағдай. Бірақ тағы да осы мүмкіндікті оқушылар басқаша қабылдағандай. Нақ осал тұстарын «қашықтан - онлайн оқу жүйесінде» көрдік. «Даланың ойын баласы – онлайн ойын данасы» болып шыға келгендей. «Сабақ оқып жатырмын» деп компьютер мен телефонның алдынан түспей өзін де, ата-ананы да алдаумен уақыт өтті. Ата-ана өзін де баланы да қинағысы келмей, бос уақыттың жоқтығын алға тартып сол онлайн ойынның құрбанына айналдырғандай. Болашақ үшін кітап тілін қоса оқыған, сауатты ұрпақ қажет. Жаңашылдық пен заманауи болу – қазіргі қоғамның талабы, алайда сауаттылық, қағаз бетіндегі білімді қоса игеру білімділіктің кепілі болары анық. Цифрлік технологиялар – ең ұтымды жүйе болып табылғанымен, кітап көзінің білімін басып оза алмасы анық.

Білім беру жүйесіндегі жаңа өзгерістер барлығына бірдей оңтайлы, ыңғайлы болды, барлығы іс жүзінде орындай алды деп ойламаймын. Білім беру мазмұны мен технологияларының кейбір аймақтардың қоғам мен экономика талаптарына сәйкес келмеуі де біздегі білім беру жүйесінің дамуындағы мәселе болып табылады. Кейбір қала мектептерінің өзінде мектеп құрылысының әлсіздігі, құрал-жабдықтардың жеткіліксіздігі, оқу процесіне қажетті технологиялардың болмау мәселелері бар. Ал кей шалғай ауыл-аймақтардағы мәселе бұдан күрделірек. Оқу-құралдар, оқулықтардың жеткіліксіздігі орын алып жатқанда – цифрлік технологиялар мен интернет желісінің тапшылығы одан бетер жаңартылған білім беру жүйесін орындауда қиындықтар тудырды. Осындай тапшылықтардың кесірінен ауыл балалары жаңа заман талабына сай білім ала алмауда. Мүмкіндіктердің жоқтығынан кей жерлерде «күжат бойынша» орындалып, есеп беріліп жатқанымен, практика жүзінде еш нәтижесіз қалып жатыр. Осындай оқылықтардың орын алуымен жаңартылған білім жүйесімен барлығы дерлік білім алып жатқан жоқ. Оқуға құштар оқушы бар, бірақ оған жағдай жоқ. Нәтижесінде «қазіргі жастар білімсіз» атағын қоғам іле салады. Ал нағыз білім, сауаттылық шынымен қазыналы дана ұстаздарымызда. Қазіргі заман талабына қайшы келетін, ойлау танымы бөлек, басқа стандартты жүйелер мен шектеулері бар қоғамда тәрбиеленген ұстаздарымыздың жаңа жүйелерге бірден кірісіп, еніп кетулері де біраз қиындықтар тудырды. Мектеп қабырғасындағы, тіпті ЖОО-дағы білім беретін мұғалімдердің орта жасы 40-45 жас және одан жоғары. Бұл жас кезеңдері өмірлік нұсқауларды заман ағымымен қайта қарау үшін жақсы кезең емес. Бұл жерде ұстаздың өзіндік тұлғасы мен ұстаздық жолының құрылуы кедергілерден өтіп, психологиялық тұрғыдан да қозғау салатыны анық. Осы орайда ұстаз тұлғасының беделін сақтау мәселесі де қозғалуы керек. Ол үшін алдымен – оқушы мен ата – ана алдындағы мұғалім бейнесін дұрыс жеткізуіміз керек. Осы мақсатта барлық білім беру мекемелерін – бір-бірінен ерекшелемей, жаңартылған оқыту технологиялары бойынша жаңа оқулықтармен, әдістемелік құралдармен, қажетті цифрлік технологиялармен қамтамасыз ету керек, ұстаздарға міндеттемелерді жүктей бермей нақты білім беру жоспарларымен даярлап, қажетті нақты білім беру бағдарларымен жетілдіріп оқытып, кедергілер мен өзгерістерге қарамай жаңашылдыққа дайын тұратындай ерік - жігер сыйлау қажет. Сол кезде ғана ұстаздың алдымен өзіне сенімділігі артып, оқушы мен ата-ана алдында биік тұлға болып, қоғам алдында беделі үнемі асқақ тұратын маман иесіне айналары хақ.

Сонымен қатар қазіргі таңда жаратылыстану ғылымдарының, соның ішінде биоэкологиялық білім беру кезінде ақпараттардың, ресурстардың көпшілігі нақты негізделген, дәлелденген зерттеу жобаларының аясында түсіндірілуін қажет етеді. Орта мектеп оқушылары мен ЖОО студенттерін биоэкологиялық білімге қызықтырып, жаңашылдық пен ғылым арнасына салуда – оқу зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларға тартып, дұрыс бағыт-бағдар беру шарт. Себебі заманға сай барлығы онлайн режимде ұйымдастырылып, практика жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмай қалды. Теориялық ақпараттар алмасу үшін ұтымды болғанымен, орындалу жүйесі іс жүзінде орын алғаны барлығы үшін тәжірибе болады. Сол себепті биоэкологиялық білім беру негізі ретінде оқу зерттеу жобалары мен ғылыми жұмыстардың педагогикалық маңызын ескере отырып, жаңа жүйемен байланыстырып жүйелеп, жобаның жазылу, орындалу шарттарын нақтылап жүйелеп, орындалу қадамдарымен таныстырып, дұрыс бағытқа жетелеу қажет. Сабактан тыс оқушылармен көптеген зерттеу жұмыстарын өткізуді жаңартылған білім беру жүйесіне қосуды құптар едім. Жаратылыстану ғылымдарында зерттеу жобалары мен ғылыми жұмыстармен айналысу өте қызықты да жан-жақтылықты қалыптастыратын жұмыс. Әрі қазіргі қоғам үшін керекті де пайдалы жаңалықтар ашылатын ғылым саласы. Өз болашағымыздың жарқын да жаңа ашылуларға толы болуы үшін – мектеп қабырғасынан бастап оқушыны ғылымға, сауаттылыққа баулу қажет деп есептеймін.

Қорыта келгенде, жаңартылған білім беру жүйесінің іс жүзінде орындалу аясын жаңа білім реформасын еңгізген басшылық өз көздерімен көріп, тексеріс жүргізсе

екен деймін. Реформаны орындау, еңгізу кезінде кездесіп жатқан заманауи мәселелерді шешуді қолға алса, еліміз әлем кеңістігінде білім жарыстырып, жастарымыз көзі ашық тұлға болары сөзсіз. Соңғы әлемдік жаңалықтардан барлығымыз хабардар шығармыз: Ресей Федерациясы мен Украина меклекетіндегі саяси ахуалға байланысты мемлекет халықтары біздің елімізге көптеп ағылуда. Қоныс аударғандардың көпшілігі жұмыс іздеп мектеп, ЖОО, емхана, ғылыми институттардың есігін қағуда. Аталған елдердегі білім жүйесі мен ғылыми сауаттылықтың бізден әлдеқайда ерте дамып кеткені белгілі. Біздің елдегі білікті кадрлардың жетіспеушілігі – білімді шет ел азаматтарын құшақ жая қарсы алуға мәжбүр еткендей. Осы кезде біздің білім беру жүйеміздің ақсап тұрғандығы қынжылтады. Білім жүйесінде жетістікке жеткіміз келсе – білім беру жүйесін нәтижелі болатындай құру қажет. Нақты жоспарлы реформа бойынша ұстаз мамандарды даярлау қажет. Ұстаз дәрежесін ұмытпай, қоғамға сыйлы қалпында сақтау керек. Сонда ғана сауатты да бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасары сөзсіз. Білім жолында бірнеше жылдық тәжірибем болмаса да, қоғам көрінісі білім беру жолындағы мәселелерді көзімізге түрлі ақпарат көздері арқылы анық жеткізуде. Қоғам көрген дүниені мен де көріп, өз ойымның елегінен өткізген мақалам, сын емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Educational and methodological complex of the discipline "Modern problems of science and education" in the direction: 550000 "Pedagogical education" (master's degree). - В.: 2015. - 130 p.
- 2 Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
- 3 Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»,17.01.2014 ж.
- 4 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015
- 5 <https://bilim-all.kz/article/8318-ZHanartylgan-bilim-beru-mazmuny-%E2%80%93-sapaly-bilim>
- 6 <http://www.humanities.edu.ru>

УДК 504.732 (574.1)

БИОМОРФОЛОГИЧЕСКИЙ СОСТАВ ОСИНОВЫХ БАЙРАЧНЫХ ЛЕСОВ В ПРЕДЕЛАХ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

*Жалмуханова А.Т., магистрант
Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, г.Уральск*

Согласно конвенции, принятой в Рио-де-Жанейро 5 июня 1992 году под биоразнообразием лесов понимаются все формы жизни, встречающиеся в лесах, включая деревья, растения, животных, грибы и микроорганизмы, и их функции в природе. Комплексность и богатство разнообразия жизни, встречающейся в лесах, обеспечивают множество важнейших услуг для людей. Они несут рекреационные возможности и способствуют улучшению нашего здоровья и благосостояния. Леса не только регулируют местную температуру и защищают источники питьевой воды, но также выступают в качестве поглотителей углерода и смягчают последствия изменения климата. Леса играют также важную

экономическую, социальную, экологическую и культурную роль в жизни многих людей, и особенно коренного населения.[1]

Байрачные леса — представляющие собой интразональный тип растительности, которые широко распространены и в пределах Западно-Казахстанской области в степной зоне. Они занимают лощины и балки, возникающие в результате глубокой почвенной эрозии. Ведущим фактором в формировании экотопических условий в байрачных лесах большинство авторов считает рельеф.

Почвенный покров склонов балки пестр и неоднороден по плодородию. Более плодородными являются почвы нижних частей склонов, где мощность гумусовых горизонтов и процент содержания гумуса больше, чем в верхних частях склонов. На теневых склонах почвы обычно более выщелочены и оподзолены.[2]

На протяжении 2021 года нами были проведены исследования байрачных осинового лесов. Исследуемые байрачные осинового леса расположены в левобережье реки Урал, между поселком Красная школа и Джамбул Теректинского района Западно-Казахстанской области[3](рис.1). Байрачные леса связаны с оврагами и балками, прорезающими отроги Подуральского плато, высота которого от 90 до 120 метров, глубина оврагов колеблется от 17 до 22 метров. Подуральское плато расчленено оврагами и балками. Наиболее интересными во флористическом отношении являются Кайнсай, Сауркин Яр и Ахмадиевская. Длина их составляет от 1,5 до 2 км. В балках выделяются элементы: днище(тальвег), западный и восточный склоны, бровка балки и плакор.

Нами выявлен флористический состав насчитывающий 75 видов, относящихся к 26 семействам и 65 родам.

В долине реки Урал характерны пойменные белотопольевые, чернотопольевые, вязовые и ветловые леса. Байрачные леса как правило все впадают в центр поймы реки Урал [4]. Объектом нашего исследования является осина(*Populus tremula*), которая произрастает в центральной пойме реки Урал, в песчаных колках и в байрачных лесах. В настоящее время в Республике Казахстан произрастает один вид.[5]




Рис.1 - Картосхема расположения осинового лесов

Проведенный нами таксономический анализ раскрыл, что доминируют семейства *Rosaceae* (11 видов-14,6%), *Compositae* (8 видов-10,6%), *Fabaceae* (7 видов-9,3%), *Gramineae* и *Liliaceae* (по 6 видов-8%), *Salicaceae* (5 видов-6,6%), *Scrophulariaceae* и *Brassicaceae* (по 4 вида-5,3%), *Labiatae* (3 вида-4%), *Ulmaceae* (2 вида-2,6%). Выше названные семейства составляют 56 видов (74%) от всего флористического состава. Другие семейства представлены незначительным числом.

Таблица 1 - Биоморфологический состав баирачных осиновых лесов в окрестностях красной школы

№	Название	число	%
I.	Древесные, полудревесные растения	23	30,6
	1. Деревья	9	12
	2. Кустарники	12	16
	3. Полукустарник	1	1,3
	4. Полукустарничек	1	1,3
II.	Травянистые многолетние поликарпики	47	62,6
	1. Длиннокорневищные	14	18,6
	2. Корневищные	3	4
	3. Стрежнекорневые	12	16
	4. Короткорневищные	7	9,3
	5. Клубнекорневищные	1	1,3
	6. Кистекопневой	1	1,3
	7. Стрежнекистеовой	1	1,3
	8. Лиана	1	1,3
	9. Луковичный	4	5,3
	10. Дерновинный	1	1,3
	11. Плотнoderновинный	1	1,3
12. Клубнеобразующий	1	1,3	
III.	Травянистые однолетние монокарпики	6	
	1. Однолетники	3	
	2. Двулетники	3	

Биоморфологический анализ (по Серебрякову 1964г.) показал присутствие 18 жизненных форм, среди них основу образуют травянистые растения 53 вида (69,4%), а древесные и полудревесные растения-23 вида (30,6%). В древесном ярусе доминантом является осина (*Populus tremula*), кроме него встречаются тополя (*Populus alba*, *Populus nigra*), береза (*Betula pendula*), поросль дуба (*Quercus robur*) и другие. Кустарниковый ярус очень богатый, состоящий из лесных (черемуха (*Prunus padus*), боярышник (*Crataegus ambigua*), смородина (*Ribes nigrum*)) и обычных (тёрн (*Prunus spinosa*), крушина (*Rhamnus cathartica*), жимолость (*Lonicera tatarica*), шиповник (*Rosa mayalis*)) видов. В травяном покрове произрастают лесные кипрей (*Epilobium hirsutum*), котовник (*Nepeta panonica*) и кирказон (*Aristolochia clematidis*). Из типичных видов нами отмечены: земляника (*Fragaria vesca*), репейник (*Agremonia pilosa*), чина (*Latirus tuberosus*).

-По днищу произрастают-девясил высокий (*Inula helenium*), норичник (*Scafularia naduso*), ландыш (*Convalaria mayalis*).

-В нижней части склонов встречаются: тростник (*Phragmites australis*), пырей (*Elytrigia repens*), спаржа (*Asparagus officinalis*).

По верхним частям склонов отмечены: адонис (*Adonis vernalis*), рябчик (*Fritillaria meleagris*), зверобой (*Hypericum perforatum*).

-На плакоре произрастают: тюльпан (*Tulepa schrenkii*), бессмертник (*Helichrysum arenarium*), полынь (*Artemisia austriaca*).

На бровке характерны: полынь (*Artemisia dracunculus*), лапчатка (*Potentilla bifurca*), карагана (*Caragana frutex*).

Таким образом впервые приведен флористический состав осиновых лесов с таксономическим и биоморфологическим анализом. Нами выявлено, что в осиновых лесах среди 75 видов отмечено 7 видов занесенных в Красную книгу Республики Казахстан [6] и 13 видов в Зеленую книгу Западно-Казахстанской области [7].

Список литературы

- 1 http://www.zapovednik-belogorye.ru/sites/default/files/library/Ryabtsev_vestnik_2011.pdf
- 2 http://www.sevin.ru/volecomag/issues/2017_2/PEJ_2017_2_107-116.pdf
- 3 Петренко А.З. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты запovedного фонда Западно-Казахстанской области, г.Уральск, 1998г.-с.4
- 4 Ценолитическое и видовое разнообразие пойменных лесов р.Урал в пределах Западно-Казахстанской области./ Т.Е. Дарбаева, Б.С.Альжанова, Н.Е.Рамазанова, А.Н.Сарсенова, С.Н.Бохорова.// Степи Северной Евразии: материалы IX.-Оренбург: ОГУ.-2021.-С.237-242.
- 5 Абдулина С.А. Список сосудистых растений Казахстана. г.Алматы, 1999г.-с.154
- 6 Красная книга Республики Казахстан, г.Алматы, 2016г
- 7 Зеленая книга Западно-Казахстанской области, г.Уральск, 2001г

№УДК 24-674:37.212(045)

РОЛЬ МЕДИАЦИИ В РАЗРЕШЕНИИ КОНФЛИКТОВ СРЕДИ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА

*Аманжолова Р.Ш., магистрант 2 курса
Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, г.Нур-Султан*

На сегодня актуальность раннего выявления и профилактики конфликтов, особенно в молодежной среде несомненна. И современном обществе чрезвычайно возрос интерес к проблеме разрешения конфликтов разного уровня, от конфликтов в области международных отношений и до внутриличностных конфликтов, а социологи создают обширную базу знаний, как для практического разрешения конфликтов, так и их теоретического осмысления [1,5с].

Данная проблематика отражена в трудах зарубежных и отечественных ученых Н. В. Гришиной, А.Г. Здравомыслова, В.Н., Кудрявцева, А.С., Кармина, А.В. Дмитриева, А. Зайцева, А.Ю. Коновалова, Л.М. Карнозовой, Е.В. Белоноговой, О.Г.Смоляниновой, Р.Р. Максудова, Ц.А.Шамликашвили, А.К.Бисембаевой и др [2, 15с].

Анализ научной разработанности проблемы службы школьной медиации показывает, что комплексно она практически не исследовалась. В настоящее время в отечественной литературе отсутствуют разработки по данной проблеме. Опубликованные материалы в основном носят фрагментарный характер и не раскрывают целостную картину деятельности службы школьной медиации. Это в основном учебно-методические материалы [3,45с].

Изучив эти методики и исходя из конкретных целей данного исследования, мы применили следующие методы: для выявления группы с низким показателем психологического микроклимата с помощью индекса сплоченности Сисшора и карте-схеме А.Н. Лутошкина определена экспериментальная группа. Данные методики позволяют определить качество взаимоотношений студентов между собой в группах [4,23с].

Методика Холла направлена на выявления способности понимать отношения личности, репрезентируемые в эмоциях и управлять эмоциональной сферой на основе принятия решений, [5,78с].

Переход из одного качественного состояния в другое довольно сложны и болезненны, в нашем исследовании переход от ученика к студенту, приход в новый коллектив, существенно влияют на эмоциональное состояние студентов.

Чтобы выработать верную линию поведения в конкретных конфликтных ситуациях, очень полезно знать, что такое конфликты, и как люди приходят к согласию.

Конфликт - это нормальная, естественная часть повседневной жизни. Слово «конфликт» уходит своими корнями в латинское слово *conflictus*, означающее «ударять вместе». Несмотря на жестокий подтекст его латинского перевода, конфликт и насилие не являются синонимами. Однако неразрешенные и затяжные конфликты часто приводят к снижению производительности труда и качество жизни студента в колледже [1,46с].

Изучение конфликтов и управление конфликтами являются актуальной задачей для педагогов сегодня. Посредничество - это одна из форм управления конфликтами, которая привлекает широкое внимание общественности [2,56с].

Медиация - процесс, посредством которого участники с помощью нейтрального лица решают спорные вопросы с целью разработки вариантов, рассмотрения альтернатив и достижения консенсусного соглашения, которое будет соответствовать их потребностям. Посредничество - это процесс, который подчеркивает собственную ответственность участников за принятие решений, влияющих на их жизнь [3,25с].

Требования к медиатору:

- остается нейтральным (то есть не принимает ничью сторону);
- относится к людям с уважением;
- относится к проблемам с уважением (конфиденциальность);
- не дает советов (говорит им, что делать);
- направляет стороны в процессе урегулирования;
- облегчает общение между сторонами;
- помогает сторонам генерировать варианты для взаимной выгоды;

Процедура медиации состоит из следующих этапов.

Во-первых, когда посредник замечает конфликт, он прекращает боевые действия и дает спорящим время остыть.

Во-вторых, посредник подтверждает добровольное и независимое согласие каждого участника участвовать и сохранять конфиденциальность разбирательства. Медиатор также объясняет процедуру процесса медиации.

В-третьих, посредник облегчает процесс переговоров, помогая участникам общаться друг с другом на этапах переговоров: определение конфликта, обмен причинами, изменение точек зрения, изобретение вариантов и достижение соглашения [4,256с].

Выявлено, что обучение студентов миротворчеству является очень ценной компетенцией, которая приносит им пользу на протяжении всей жизни.

В этой статье мы представляем анализ психологического микроклимата, сплоченности и уровень эмоционального интеллекта группы и акцентируем внимание на отношениях между студентами в колледже.

Наше исследование проходило в период с сентября 2021 г. по январь 2022 г., период постпандемии, в группах специальности «Радиоэлектроника и связь» среди студентов групп 2курса -2РЭС120, 2РЭС 220, курса 3РЭС119, 3 РЭС 219, 4 курса 4 РЭС 118, 4 РЭС 218 на базе ГКП на ПХВ «Высший колледж транспорта и коммуникаций».

Цель исследования: определение уровня конфликтности среди студентов групп колледжа.

Задачи исследования:

- определение уровня психологического микроклимата групп колледжа;
- выявление уровня сплоченности групп колледжа;
- выявление конфликтных ситуаций в группах;
- определение степени готовности к решению конфликтных ситуаций;
- выявление уровня эмпатии, управления своими эмоциями;
- развитие навыков выхода из конфликтных ситуаций;
- формирование положительного отношения к посредничеству сверстников.

В текущем исследовании использовался метод корреляции. Корреляционное исследование направлено на изучение сопоставлении групповых диагностических методик психологического микроклимата, сплоченности и эмоционального интеллекта в группах 2го, 3го и 4го курса колледжа до тренинга и после тренинга. Полученные показатели после тренинга, отражают степень эффективности медиации в разрешении конфликтных ситуаций. Для выявления группы с низким показателем психологического микроклимата с помощью индекса сплоченности Сисшора[6]. и карте-схеме А.Н. Лутошкина[7] определена экспериментальная группа. Данные методики позволяют определить качество взаимоотношений студентов между собой в группах.

Методика Холла направлена на выявление способности понимать отношения личности, репрезентируемые в эмоциях и управлять эмоциональной сферой на основе принятия решений[8,9].

В эксперименте участвовало 100 студентов 2го, 3го и 4го курса колледжа. Результаты статистических данных по уровню психологического микроклимата в группах по карте-схеме А.Н. Лутошкина проводимых в сентябре месяце, представлены на рисунке 1.



Рисунок 1 - Психологический микроклимат в группах

Согласно шкале А.Н. Лутошкина, если средний показатель благоприятного микроклимата более 25, то психологический климат благоприятен. Если показатель менее 25 — климат неустойчиво благоприятен. Выявлены группы с более низким уровнем устойчивости микроклимата: группы 3 курса ЗРЭС119 и 4 курса 4 РЭС 118. В группе 4 РЭС 218 микроклимат наиболее устойчив.

Нами также проведено исследование на выявление индекса групповой сплоченности Сिशора, который позволяет оценить чрезвычайно важный параметр – степень интеграции группы, ее сплочения в единое целое.

Список использованной литературы

- 1 Аванесова Э.Н. Работа с конфликтом в школьном сообществе: обзор технологий. — 2018. - №2-3.
Индекс физического объема общей площади введенных в эксплуатацию жилых зданий в процентах к 1991г.	122,6	145,8	171,1	181,7	203,7	213,5	249,4

Лидерами по вводу жилья являются гг. Нур-Султан и Шымкент, Карагандинская, Северо-Казахстанская и Жамбылская области. В Алматинской, Актюбинской, Атырауской, Кызылординской, Туркестанской, Жамбылской областях преобладает индивидуальная застройка территорий. Более трети республиканских новостроек 2020 года построили в Нур-Султане (3 млн кв. м) и Алматы (2,4 млн кв. м). А если считать поквартирно, то в главных мегаполисах страны сдано 40% казахстанских квартир. На долю города Нур-Султан приходится 15% всей жилой недвижимости в Казахстане.

В целом, подводя итоги 2020 года, в регионах наблюдается достижение доведенных объемов ввода жилья, а также освоение выделенных средств на жилищное строительство.

Казахстане насчитывается 2.3 млн домов, свыше 2 млн из них – частные. Многоэтажек – 314 тыс. Большая часть из них расположена в Карагандинской (42.3 тыс.), Алматинской (35.9 тыс.) и Восточно-Казахстанской (31.7 тыс.) областях.

Жилая площадь в стране, по информации Комстата за прошлый год, составила 235.8 млн кв. м (общая – 364.3 млн кв. м). Свыше 97 % домов и квартир (230.9 млн кв. м) находится в частной собственности.

За пять лет общая площадь жилфонда увеличилась на 23.7 млн кв. м, или 6.5 % (340.6 млн кв. м в 2015 году) [2].

В целом, в Казахстане насчитывается 3.2 млн квартир, из которых 2.7 млн (84 %) сосредоточено в городах. Наибольшее количество расположено в Алматы (524.6 тыс.), Карагандинской (430 тыс.) и Восточно-Казахстанской (306. 5 тыс.) областях. В Нур-Султане – 289.6 тыс. квартир.

Таким образом, жилая недвижимость обладает существенными признаками как экономический актив, выступающий в хозяйственных и социальных процессах в самых разнообразных качествах: и как часть активов предприятия, и как самостоятельный объект инвестиций, и как потребительский товар длительного пользования. Это разнообразие ролей недвижимости в экономической и социальной деятельности определяет и разнообразный характер связей рынка недвижимости с рыночной экономикой в целом, и сложную внутреннюю структуру рынка недвижимости.

Список использованной литературы

- 1 Оценка недвижимости: учебное пособие / Т. Г. Касьяненко, Г.А. Маховикова, В.Е. Есипов, С.К. Мирзажанов. — М.: КНОРУС, 2010. — 752 с
- 2 Иванова Е.Н. Оценка стоимости недвижимости. Учебное пособие под ред. д-ра экон. наук, проф. Федотовой М.А.М., 2007. - 344 с.

3 Жилищное строительство Казахстана в 2020 году: тенденции и особенности. Электронный ресурс: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/zhilishchnoe-stroitelstvo-kazahstana-v-2020-godu-tendencii-i-osobennosti-81131>

ӘОЖ 631.587

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДАҒЫ ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ

Башенов Азим, 4 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) - бұл деректердің барлық түрлерін құратын, басқаратын, визуализациялайтын және талдайтын жүйелер. ГАЗ деректерді картамен байланыстырады, орналасқан жер туралы деректерді (объектілер орналасқан жерде) сипаттамалық ақпараттың барлық түрлерімен біріктіреді (бұл нысандар негіз білдіреді). Бұл ғылыми мақсаттарда және барлық салаларда қолданылатын картографиялау мен талдаудың негізін құрайды. ГАЗ заңдылықтарды, қатынастарды және географиялық контексті түсінуге көмектеседі. Артықшылықтардың ішінде өзара әрекеттесу мен тиімділіктің жақсарғанын, сонымен қатар басқару мен шешім қабылдау сапасының жақсарғанын атап өтуге болады.

Жерді ұтымды пайдаланудың негізгі тетігі Жер ресурстарын басқару болып табылады. Жер басқарудың ландшафтық тәсілі ресурстар аумақты саралаудың ерекшеліктерін ескеруі керек, өйткені әрқайсысының аумағы ауылшаруашылық кәсіпорны өзінің әртүрлілігімен және ландшафт кешендерінің үйлесімімен сипатталады. Аталған аумақты бүгінгі күні геоақпараттық технологияларды пайдалана отырып игеру қолайлы әрі тиімді болып табылады [4].

Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) – бұл карталар жасау және іс жүзінде бар объектілерді, сондай-ақ әлемде болып жатқан оқиғаларды бағалау үшін қолданылатын прогрессивті компьютерлік технологиялар. Сонымен қатар, визуализация және кеңістіктік шолулар стандартты процестермен мәліметтер базасымен үйлеседі: ақпаратты енгізу және статистикалық нәтижелер алу [1].

Көптеген мәселелерді шешу үшін осы бағдарламаларды кеңінен қолдануға мүмкіндік беретін нақты сипаттамалар:

- планетадағы физикалық құбылыстар мен оқиғаларды талдау.
- олардың негізгі себептерін түсіну және белгілеу.
- қала құрылысында перспективалық шешімдерді жоспарлау.
- ағымдағы кәсіпкерлік қызмет нәтижелерін бағалау.
- экологиялық проблемалар-елді мекендердің ластануы, орман алқаптарының азаюы.
- жаһандық мақсаттардан басқа, осындай қолдаудың көмегімен жеке жағдайларды реттеуге болады, мысалы:
 - нүктелер арасындағы оңтайлы жолды іздеу.
 - компания үшін ыңғайлы орынды таңдау.
 - қажетті ғимаратты мекен-жай бойынша табу.
 - муниципалды міндеттер.

Географиялық талдау тек пайда болған бағыт емес. Бірақ біз қарастыратын технологиялар қазіргі заманның талаптарына сәйкес келеді. Бұл тиісті материалды жинау және оны өңдеу процедурасын автоматтандыратын ең тиімді, тиімді және ыңғайлы процесс.

Бүгінгі таңда геоақпараттық жүйелер-бұл әр түрлі елдерде миллиондаған адамдар жұмыс істейтін пайдалы қызмет саласы. Тек Ресейде 200-ден астам түрлі компаниялар мұндай технологияларды экономиканың барлық салаларына әзірлеп, енгізеді.

Аппаратура - бұл жеке машиналардан бастап Ғаламдық орталықтандырылған серверлерге дейінгі компьютерлік платформалардың әртүрлі түрлері. Мұнда материалды алу, өңдеу және визуализациялау үшін барлық қажетті құралдар бар. Жеке компоненттермен компоненттерді белгілеуге болады:

- мәліметтерді енгізу және манипуляциялау;
- деректер базасын (ДҚБЖ) басқару;
- кеңістіктік сұрауларды көрсету;
- кіру (интерфейс).

Пайдаланушы объектілердің географиялық орналасуы және оларға қатысты кесте параметрлері туралы хабарламаларды өздігінен жинай алады немесе оларды басқа адамдардан сатып ала алады.

Бұл технологияны күнделікті жұмысында қолданатын оны жасаушылар да, әртүрлі инженерлер де қызметті пайдаланушылар болып табылады.

Жүйені пайдаланатын әрбір нақты ұйымның жұмыс істеу ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны қолдану жоспары мен ережелері жасалады. Бұл онымен жұмыс істеудің тиімділігін анықтайды.

Географиялық ақпараттық жүйелерді жіктеу аумақты қамту принципі бойынша жүреді:

Ғаламдық (ұлттық және субконтинентальды) – планетаның масштабындағы жағдайды бағалауға мүмкіндік береді. Осының арқасында табиғи және техногендік катаклизмдерді болжауға және алдын алуға, апаттың мөлшерін бағалауға, салдарын жоюды және гуманитарлық көмек ұйымдастыруды жоспарлауға болады. 1997 жылдан бастап бүкіл әлемде қолданылады[2].

Аймақтық (жергілікті, субөңірлік, жергілікті) - муниципалды деңгейде жұмыс істейді. Мұндай технологиялар көптеген негізгі салаларды көрсетеді: инвестициялық, мүліктік, навигациялық, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және басқалар. Олар белгілі бір аймақты дамыту кезінде шешім қабылдауға көмектеседі, бұл оған капиталды тартуға және оның экономикасының өсуіне ықпал етеді.

ГАЖ-дамудың эволюциялық кезеңі - бұл аумақтарды жоспарлау және дамыту процесінде, әсіресе жер пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласында өте маңызды, бірақ барлық басқа қолданбалы және ғылыми салаларда кеңінен сұранысқа ие. Мысалы, бұл әдіс бөлшек саудада жаңа дүкендер ашу және ескілерін жабу үшін, жолдар сияқты инфрақұрылым объектілерін ең қолайлы жерлерде орналастыру үшін құрылыс инженерлері, коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары, ауыл шаруашылығы, орман және су шаруашылығы, электр станциялары, энергетикалық компаниялар, әскери және басқалар үшін кеңінен қолданылады. Мұндай тәсіл ГАЖ мәнін одан әрі күшейтеді, оны болашақты құру тұжырымдамаларын әзірлеу және іске асыру, географиялық (кеңістіктік) ойлауды біздің қызметіміздің барлық бағытына интеграциялау бағытында "ол қандай" әлемді қарапайым сипаттау шеңберінен шығарады.

Болашақ ГАЖ және сараптамалық жүйелерді интеграциялау негізінде жасанды интеллект элементтері бар ГАЖ технологияларында. Мұндай симбиоздың артықшылығы айқын: сараптамалық жүйе белгілі бір саладағы сарапшының білімін қамтиды және оны шешуші немесе кеңес беру жүйесі ретінде пайдалануға болады.

Жаңа компьютерлік геотехнологиялардың қазіргі жағдайы ірі мемлекеттік бағдарламалармен, аэрофотосуреттер мен ғарыштық түсірілімдерді, цифрлық карталарды, деректер базасын визуализациялауды кеңінен пайдалануға бағытталған шетелдік инвестициялармен айқындалады.

Болашақтың қалалық ГАЖ картадағы объектілер туралы семантикалық ақпаратты сұрау бойынша алуға ғана емес, сонымен бірге аумақтың дамуын болжауға, қала басшылығына

директивалық шешімдердің нұсқаларын, қаланың жаңа ауданын салу мүмкіндігін және т. б. жоғалтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ГАЗ модельдеу жүйесімен бірге қала құрылысшыларына қалалық инженерлік желілердегі жүктемелердің қалай қайта бөлінетінін, көлік ағындарының қуатын, қосымша магистральдардың жүргізілуіне немесе белгілі бір ауданда жаңа сауда орталығының салынуына байланысты жылжымайтын мүлік объектілерінің бағасы қалай өзгертінін көрсете алады.

Қазіргі уақытта ГАЗ жүйелері коммерциялау тұрғысынан ең жылдам дамып келе жатқан және қызықты болып табылады, олардың ыңғайлы пайдаланушылық интерфейсі және олардағы ақпараттың үлкен мөлшері оларды бүкіл әлемде таптырмайтын етеді.

Үш өлшемді модельдеуі бар купеде спутниктік суреттерді қолдана отырып, ГАЗ жүйесінің әртүрлі құрылғылары арқылы желіге мобильді қол жетімділік үлкен дамыған кезде, тіпті қарапайым пайдаланушыға ешқандай проблемаларсыз кез-келген жерге бағдарлануға және осы жүйелерден барлық қажетті ақпаратты жай сұрақ қою арқылы алуға мүмкіндік береді.

Бүгін біз ГАЗ және ЖҚЗ нарығын трансформациялау сатысында, жаңа бизнес-модельдерге көшу нүктесінде және өзге де міндеттерге бағдарлауда тұрмыз. Жаһандық деңгейде геодеректерді өңдеу мен талдауды автоматтандыруға, ГАЗ технологияларын бизнесті талдау, қорғаныс және қауіпсіздік, маркетинг, пилотсыз көлік үшін басқа шешімдермен одан әрі интеграциялауға арналған трендтерді бөліп көрсетуге болады, мұнда қызмет Ішкі жүйе болып табылады. Бұлтты технологияларды дамыту, пайдаланушыларға қажетті шешімдер жиынтығын таңдауға мүмкіндік беретін модельдерге көшу[3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 <https://www.esri.com/ru-ru/what-is-gis/overview>
- 2 <https://learn.arcgis.com/ru/arcgis-imagery-book/chapter9/>
- 3 Мацяшек Л. А. Анализ и проектирование информационных систем. М.: ООО «Вильямс», 2008. 816 с.
- 4 Nataliya Ozeranskaya, Tulegen Karbozov, Akerke Bekturganova, Bakhytgul Zhuparkhan, Valentina Kononova. Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach // Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences. – 2016. - RJPBCS 7(6) ISSN: 0975-8585 С. 1788-1794

ӘОЖ 624.01

УХАНЬ ҚАЛАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА ЖЕКЕ ТҰРҒЫН ҮЙДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ СӘУЛЕТТІК-ЖОСПАРЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

*Даутова А.С., 2 курс магистранты
С.Сефуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазіргі уақытта жеке тұрғын үйлерге сұраныс үлкен, бұл қала сыртындағы да, қала ішіндегі құрылысқа қатысты. Қазіргі заманғы азаматтар көп қабатты ғимараттарда емес, жеке тұрғын үйде тұруды жөн көреді.


Өзге елдердің тәжірибиесі көрсеткендей, аумақтың табиғи ерекшеліктерін, дәстүрлі және заманауи материалдар мен техниканы қолдана отырып, қалалық жерлерде жеке жобаларға сәйкес салынған, жеке ғимараттардың қосылуы оларға ерекше сәулеттік экспрессивтілікті береді.

Аз қабатты құрылыс аудандарында жайлы өмір сүру үшін тексерілген және ыңғайлы құрылыс тұжырымдамалары болуы қажет. Сондай-ақ, аз қабатты аудандардың көлікке қол жетімділігін қамтамасыз ету және байланыс құнын азайту мәселерін қарастыру маңызды. Аз қабатты құрылысқа деген сұраныс жыл сайын артып келуде және қазақстандықтарға қол жетімді және жайлы баспана беру - Қазақстан Республикасы үкіметінің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Ғасырдың екінші жартысында Азия құрлығы урбандалу деңгейі бойынша әлемнің басқа бөліктеріне қарағанда басым озды. Қытай азиялық экономиканың ең әсерлі бөлігіне айналып, құрылыс пен сәулет өнерінің әлемге қуатты таралуын көрсетті. Сонымен бірге сәулет өнері әдістерінің жаһандану үрдісі күшейіп, дәстүршілдік пен ұлттық бірегейлендіру тенденцияларын шетке ысырды. Бірақ технологиялық прогресс пен халықаралық қатынастардың дамуы ынталандырған ұлттық мәдениет пен халықаралық тенденцияларды синтездеудегі жемісті ізденістер сұрағы туындауда. Қазіргі уақытта Орталық Азияда жұмыс істейтін батыс еуропалық және американдық сәулетшілердің саны айтарлықтай өсуде және олардың «архитектуралық стильдерін» енгізудің тәрбиелік маңыздылығына деген сенімі, жасаған құрылымдарды жергілікті сәулетке органикалық түрде енгізу пікіріне ауыстырылған болатын. Осының мысалында Қытай мемлекетінің жаңа архитектурасы, дизайн және құрылыс технологияларын, біздің еліміздің құрылыс саласында қолдануына көз көрдік.

Қытай мемлекетінің (ҚХР) сәулет-құрылыс саласы әлемдегі ең ежелгі және ерекше құрылыстарының бірі болып табылады. Ол дәстүрлігімен, ерекше табандылығымен ерекшеленеді. 5000 жылдан астам уақыт бұрын пайда болған және бүкіл феодалдық кезеңнен өткен құрылыс-сәулет технологиялары бүгінгі күнге дейін сақталып, әр күн сайын жаңа бағыттарында өзін табуда. Сондықтан қазіргі Қытайдағы құрылыстың даму ерекшеліктерін және оның сәулетін зерттеу бүгінгі күннің өзекті тақырыбына жатқызуға болады [3].

2020-2021 жылдар аралығында өткен статистика бойынша, жеке құрылыстың үлесі тұрғын үй құрылысындағы жалпы көлемінің 60-65% құрайды. Мұндай үйлердегі жайлылық деңгейі қалалық пәтерлерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Бұл ең алдымен табиғи ортамен, табиғи аймақтарымен, саябақтармен байланысты.



1-ші сурет. Қазақстандағы 2020-2021 жж. аралығындағы тұрғын үй мәселесінің статистикасы

Қазіргі сәулет өнерінде бірнеше негізгі табиғатты біріктіретін сәулет принциптері қолданылады. Олар:

1) сәулет өнерінің табиғи ландшафтымен үйлесуі, табиғатқа сәйкес келетін пішіндер, масштаб, материалдарды таңдау;

2) ішкі кеңістіктердің сыртқы табиғи ортамен байланысы, жеке микроклиматы бар жабық атриумдар;

3) «шатыр бақтары» - қоршаған ортаға әсері;

5) экологиялық таза табиғи материалдарды пайдалану.

Жеке тұрғын үй мен көп қабатты тұрғын үйлердің сәулеттік-құрылыс тәжірибесі алуан түрлі және бұл уақыт аспектісіндегі типологияның қалыптасуымен байланысты. Қазіргі кезде, сәулетшілердің ізденіс мәні тәсілдердің жаңалығында емес, формалардың авангардылығында емес, ыңғайлылықтың болуында.



2-ші сурет. Авангард стиліндегі жеке тұрғын үй



3-ші сурет. Минимализм және органикалық архитектура стиліндегі жеке тұрғын үй

Хубэй провинциясындағы Ухань қаласы 湖北省武汉市 (Қазақстан Республикасының сәулет және қала құрылысымен салыстырғанда) 1960 жылдардан бастап қазіргі заманғы қытай сәулет нысандары мен сәулет-қалалық тәжірибелері бойынша салынды [1, 2].

Қытай сәулетінде ұйымдастырудың негізгі қағидасы қала құрылысының жаңалығы болып табылады. Азия континентіндегі бос кеңістіктің жетіспеушілігімен, әр қаласында қосымша орын іздеуі өзекті мәселе. Жыл сайын Азия мемлекеттері болашақ қала проблемаларын шешудің мүмкін жолдарын көрсетуде және әлемдік қоғамдастықта қаланы үнемі қайта шоғырландыруға әкелетін қолданыстағы қалалық кеңістікті ғана емес, сонымен қатар қалаларды дамытудың болашағы бар мүмкіндіктерін қарастыруда [4].



4-ші сурет. Энергияны үнемдейтін тұрғын үй

Энергияны үнемдеудің пассивті жүйелеріне жатқызатын әдістерді ежелден қолдана отырып, экономика деңгейін реттеп, инженерлік-технологиясын дамытты. Өткен ғасырдың соңында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану концепциясы қазіргі таңда құрылыс саласында қолдануда. Соның арқасында энергия шығыны 25-30% азайды.

Қолданыстағы технологияларын талдап, келесі шешімдерді қарастыру:

1) құрылыс кезінде аумақтың климаттық факторларын кешенді талдау және ескеру;

2) ағашты пайдалану - ғимараттарды салу үшін энергияны үнемдейтін, қол жетімді және жаңартылатын материал қолдану;

3) көпжылдық тәжірибеге сүйене отырып, оның ішінде жылуды сақтау және тұрғын үйдің оқшаулануын қамтамасыз ету үшін, ғимараттың түбегейлі нүктелеріне бағдарланған ғарыштық жоспарлау шешімдерін жүргізу [5];

4) ғимараттардағы ыңғайлы микроклиматты қолдайтын жобалық шешімдер жүргізу, уақыт бойынша салыстыру;

5) ғимараттарды жылыту және олардағы жылуды сақтау үшін бұрын жасалған инженерлік шешімдерді қарастыру.

Қорытындылай келе, ескі сәулет-құрылыс шеберлердің әдістерін зерттеу қазіргі заманғы дизайн және құрылыс тәжірибесінде үлкен маңызға ие екендігін атап өтеміз, өйткені ресурстарды тиімді пайдалану сәулеттік шешімдер сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып қала береді.

Сәулет қосымшаларын зерттеу мен енгізудің және Қазақстандағы жеке тұрғын үйлер мен көп қабатты тұрғын үйлерді салудың кейбір аспектілерін игерудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіреді.

Қазақстандық сәулетшілер, өзге ұлт елдердің тәжірибесін қолдана отырып, еліміздегі сәулеттік нысанды дамытудың жаңа қағидаларын қалыптастыруды трамплин ретінде қарастырып, сонымен қатар мәдени іс-әрекеттегі нақты тәжірибенің өміршеңдігін растайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Иванова А. П. К вопросу изучения архитектурного наследия г.Харбина : «Китайское барокко» / А. П. Иванова, Н. П. Крадин // Вестник Тихоокеанского государственного университета. — 2014. — № 4(35). — С. 31–40.

2 Лазарев Г. З. Архитектура Китая / Г. З. Лазарев // Всеобщая история архитектуры. В 12 т. / гл. ред. Н. В. Баранов, 2021. –С. 121-128.

3 Bremner G. A. Fabricating justice: conflict and contradiction in the making of the Hong Kong Supreme Court, 1898–1912 / G. A. Bremner // Harbin to Hanoi : The Colonial Built Environment in Asia 1840 to 1940 / eds. L. Victoir, V. Zatssepine. — HongKong: Hong Kong University Press, 2013. — P. 151–180. — (Global Connections /ed Электрондық ресурстар:

4 Fujian Tulou [Электрондық ресурс] : сайт // World Heritage List / UNESCO. — <http://whc.unesco.org/en/list/1113>.

5 KaipingDiaolou and Villages [1] :сайт // World Heritage List / UNESCO. — <http://whc.unesco.org/en/list/1112>.

ӘОЖ 332.334

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ҒАРЫШТЫҚ МОНИТОРИНГТІ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Ержан А.Т., 2 курс магистранты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Аннотация: Ғарыштық мониторинг - бұл аумақтың жай-күйін, жағдайын тұрақты бақылау, онда болып жатқан процестерді талдау және ғарыштық орналастыру құралдарымен, өзгерістер орын алған үрдістерді уақтылы анықтау жүйесі. Ғарыштық мониторингтің қазіргі заманғы деректері 1-санаттағы жерлердің (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің) жай-күйінің нашарлауы және құнарлылығының төмендеуі жағдайын көрсетеді. Бұл өзгерістерді анықтау үшін жердің мемлекеттік мониторингін

жүргізу жүзеге асырылады. Мақалада жердің жай-күйін зерттеу кезінде жерді ғарыштан бақылау маңыздылығы сипатталып, деректер келтірілген.

Түйін сөздер: АШ мақсатындағы жерлер, космомониторинг, ғарыштық бақылау, Жерді қашықтықтан зондтау.

Қазақстанда, бүкіл әлемдегі мемлекеттердікі секілді, жер өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандырудың тұрақты көзі болып табылады. Қазіргі уақытта жерді тиімді пайдалану, жердің пайдалы қасиеттерінің жоғалуына, олардың тозуына, алаңдардың қысқаруына әкеп соқтырмайтын және соның салдарынан қоғамның тұрақты дамуына қауіпті әлеуметтік және экономикалық салдарлар мен қатер төндіретін тәртіпті қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр. Мұндай мәселені шешуде жер мониторингі шешуші рөл атқарады.

Жер мониторингі өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, болжау, теріс процестер салдарларының алдын алу және жою үшін жер қорының жай-күйін байқау жүйесін білдіреді. Жердің мемлекеттік мониторингінің міндеттері:

1. жердің жай-күйіндегі өзгерістерді уақтылы анықтау, осы өзгерістерді бағалау, теріс процестердің алдын алу және олардың салдарын жою туралы болжам жасау және ұсынымдар әзірлеу;

2. мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік жер бақылауын, жер ресурстарын мемлекеттік және басқарудың өзге де функцияларын, сондай-ақ жерге орналастыруды ақпараттық қамтамасыз ету;

3. азаматтарды жердің жай-күйі бөлігінде қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Жер мониторингі - өзгерістерді уақтылы анықтау және бағалау, теріс процестер салдарларының алдын алу және жою үшін жер қорының жай-күйін бақылау жүйесі. [1]

Жер мониторингі тұжырымдамасының кодексіндегі өзгерістерге байланысты оның мәні өзгеріссіз қалды, атап айтқанда – өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, болжау, алдын-алу және теріс процестердің салдарын жою үшін Жер ресурстарының жағдайын бақылау жүйесі (түсіру, зерттеу және өзгерту) жұмыстары жүргізіледі. Бұл жердің сапалық жағдайы және олардағы өзгерістер туралы нақты ғылыми негізделген мәліметтер, теріс процестердің салдарын болдырмауға және жоюға мүмкіндік береді.

Мониторингтік зерттеулер бірінші кезекте өндірістің негізгі құралы - жерді сақтаумен байланысты басқарушылық міндеттерді шешу, ауылдық аумақтарды орнықты дамыту үшін қажет. Жерді қашықтықтан бақылау деректері жер ландшафттары мен инфрақұрылымдарының ерекшеліктерін картаға түсіру, табиғи ресурстарды басқару және қоршаған ортаның өзгеруін зерттеу үшін өмірлік маңызы бар құрал. [2]



ҚР Президентінің халқына жолдауында (02.09.2019 ж.) жер мәселесіне байланысты V-бөлімде : Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселелері өте өзекті болып отыр. Жерге салынатын салықтар деңгейінің төмендігі жағдайды күрделендіре түсті. Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, дұрыс пайдаланбай босқа ұстап отыр. Елімізде «латифундистер» көбейіп кетті. [3] Осы жоғарыда айтылған Президенттің жолдауынан біз мемлекеттің жер мониторингін - жердің пайдаланылуы мен қорғалуының мемлекеттік бақылауда, болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау үшін және оларды бағалау үшін, бұдан әрі дамуын болжау үшін жер мониторингінің алатын орны ерекше екенін көреміз.

Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс. Үкімет пен Парламент осы түйткілді реттеудің тиімді жолдарын ұсынуы керек. Бұл – өте маңызды мәселелер қатарына кіреді. Ауыл шаруашылығы министрлігі, пайдаланылмаған жерлерді алып қою рәсімін әзірлеп және жеңілдетті. Осыған байланысты пайдаланылмаған жерлерді анықтауда ғарыштық мониторингтің көмегі өте зор. Жаңа заңнамаға сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін тексеру кезеңдері мен алып қою

мерзімдері екі жылдан бір жылға дейін қысқартылды. Екіншіден, жерді пайдалануды бақылау процесі ғарыштық мониторинг деректерін пайдалана отырып, автоматты түрде жүргізіледі. KazEOSat-2 спутнигінің көмегімен жасалған ғарыштық суреттерінің өзекті мозаикасы – Жер бедерін жоғарғы сапада түсіруге мүмкіндік береді. Түсірілген түсірістер (снимоктар) арқылы электронды карталар жасалынады.

2020 жылдың ішінде жасалынған жұмыстардың нәтижесі бойынша анықталған пайдаланылмайтын егістік жерлердің ауданы 1 млн. гектардан астам жерді құрайды. Ғарыштық мониторинг деректері анықтамалары бойынша жайылымдарды ұтымды пайдалануды бағалау нәтижелері – Ақмола облысында 30,2%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында – 18,4% – ға, Қарағанды облысында-19,3% – ға, Шығыс Қазақстан облысында – 11,6% - ға, Жамбыл облысында-12,7% - ға, Алматы облысында-11,9% - ға анықталған.

Төменде көрсетілген электронды карталардың көмегімен Ақмола облысы, Ақкөл ауданының пайдаланылмай жатқан және заңбұзшылық талаптарға сәйкес жерлер анықталған. Сонымен қатар Аршалы, Біржан сал және т.б. аудандардың да заңбұзушылықтары тәркіленді. [4]



Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша жоғарыдағы электрондық картадан Атбасар ауданының жерге қатысты заң бұзушылықтарын байқауға болады. Атап айтсақ : шекаралардың бұзылуы, жайылым жерлердің нысаналы мақсатпен пайдаланбауы және т.б. заң бұзушылықтар анықталған. [5]

Біздің елімізде бұл жоба нәтижесінен кеш, соңғы 1-2 жылда басталғанының себебі, бұл жоба – пилоттық жоба болып саналады. Дегенменде аз уақыттың ішінде өзінің нәтижесін көрсетуде. Бұл пилоттық жобаның елімізде жүргізілген бірінші кезеңінің деректері бойынша 8,3 млн га пайдаланылмайтын жер анықталды, оның ішінде 2,6 млн га жайылым ерікті түрде мемлекеттік меншікке қайтарылды. 5,7 млн гектар жер иелеріне заң бұзылғандығын айтып, хабарлама жіберілді. [6]

Мониторинг жүйесі агроөндірістің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін Жерді қашықтықтан зондап алудың және автоматтандырылған тақырыптық дешифрлеудің неғұрлым жетілдірілген технологияларын жасаудың арқасында жоғары шешімдегі ғарыш түсірілімдерінің материалдары жер пайдаланудағы жай-күй мен динамикалық өзгерістерді мониторингтеу үшін неғұрлым жедел, сенімді және тиімді ақпарат көздерінің біріне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» 20 маусым 2003 жыл. (өзгертулерімен)
- 2 Құрманова Г.К. Жер мониторингі. Эверо, 2015
- 3 https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysykasym-zhomart-tokaevtyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy
- 4 N. Ozeranskaya, R. Abeldina, G. Kurmanova, L. Smunyova, Z. Moldumarova. Agricultural land management in the system of sustainable rural development in the Republic of Kazakhstan. // International Journal of Civil Engineering and Technology Volume 9, Issue 13, December 2018, Pages 1500-1513/
- 5 https://www.gharysh.kz/novosti/novostdetalnoz_6_1611/
- 6 <https://eldala.kz/kz/novosti/kazahstan/3458-kosmomonitoring-za-god-vyyavil-8-3-mln-ga-neispolzuemyh-selhozzemel>

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., доцент Абельдина Р. Қ.

УДК: 332.3:502.5

АНАЛИЗ И ОЦЕНКА РАЗВИТИЯ ПРОЦЕССОВ ОПУСТЫНИВАНИЯ СТЕПНЫХ ЛАНДШАФТОВ

*Еркенов А.М., магистрант 2 курса
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Нур-Султан*

Опустынивание было определено Программой Организации Объединенных Наций по окружающей среде (ЮНЕП) как деградация земель в засушливых, полувзасушливых и сухих субгумидных районах, обусловленная главным образом неблагоприятным воздействием человека [1]. Экосистемы засушливых земель (т. е. пустынные, полупустынные и засушливые степные экосистемы) Казахстана особенно подвержены опустыниванию: около 75 % пахотных и пастбищных земель имеют индекс опустынивания от высокого до очень высокого [2]. Площади земель, подверженных ветровой эрозии, занимают 25,5 млн га, а подверженных водной эрозии - более 5 млн га, из которых 1 млн га - пахотные

земли [3]. Основные экономические последствия опустынивания включают снижение урожайности и производства сельскохозяйственных культур, снижение продуктивности животноводства, сокращение экспортного потенциала в сельском хозяйстве, замедление развития пищевой и других мелких отраслей промышленности, а также резкое сокращение объемов производства сельскохозяйственных культур.

Исследуемая территория расположена в зоне сухостепных ландшафтов. Известно, что основными причинами, вызывающие опустынивание, являются антропогенные факторы. Деградация среды происходит в следствии превышения ее способности к самовосстановлению. Здесь, на протяжении последних десятилетий в результате сельскохозяйственной деятельности наблюдается усиление процессов опустынивания природных экосистем, приводящее к снижению продуктивности и деградации сельскохозяйственных угодий [4].

В северных областях Казахстана на эрозионно-опасных склонах с уклоном более $0,5^\circ$ находится около 40% пашни. Неустойчивые степные агросистемы Северного Казахстана, расположенные на склонах, потеряли природное видовое и пространственное разнообразие, что привело к развитию такого процесса, как эрозия, характерного фактора опустынивания земель. Это подтверждается при исследовании степного агроландшафта, типичного для степной зоны - ТОО «Баракколь», расположенное в Сандыктауском районе Акмолинской области. Общая площадь землепользования составляет 10144 га, из них пашни 9069 га, что составляет 89 %, следовательно, антропогенная освоенность свидетельствует о полной замене природной экосистемы монокультурным ландшафтом. Поскольку ТОО «Баракколь» расположено на территории склонов и имеет тяжелый механический состав почвенного покрова, здесь отмечено наличие плоскостной и линейной эрозии почв.

Задачами исследования являются анализ экологических условий путем построения эрозионной модели и определение видов противоэрозионных мероприятий.

При построении эрозионной модели эрозионной опасности производится расчет интенсивности смыва во время весеннего снеготаяния. В основе выделения морфологической ландшафтной структуры положено сходство происхождения (генезис) и условий развития ее территориальных единиц. В качестве парадинамической структуры рассматривалось катенарное устройство степного ландшафта. При этом выделялись ландшафтные полосы (катены), представленные в виде ряда пространственных, элементарных природно-территориальных комплексов, расположенных на склоне и объединенных однонаправленным потоком вещества от водораздела до тальвега или центра депрессии [6]. Для составления карты эрозионной опасности в условиях водной эрозии проводится морфометрический анализ рельефа. На плановой основе в пределах пахотного массива наносятся тальвеги временных водотоков и линии водоразделов. На каждом склоне проводятся линии стекания водных потоков, на данной территории было построено 11 линий стока, по которым определялась интенсивность смыва с учетом факторов, вызывающих сток талых вод: рельефа (уклона, длины и крутизны склона), слоя стока, почвенных характеристик (типа почвы, механического состава, смывости, карбонатности) агрофона. Эрозионно-опасные разделены на четыре категории по интенсивности смыва: 1-ая категория земель с предельной интенсивностью смыва почв до 2 т/га в год, 2-ая категория земель с предельной интенсивностью смыва почв от 2 т/га до 10 т/га в год, 3-ая категория земель с предельной интенсивностью смыва почв от 10 т/га до 20 т/га, 4-ая категория земель - свыше 20 т/га (рисунок 1). Расчеты показали, что смыв на территории пашни в ТОО «Баракколь» максимальный - 62 т/га, минимальный 5,2 т/га при норме в 2 т/га.

Для каждой категории были разработаны природоохранные мероприятия по повышению экологической стабильности агроландшафта. Комплекс природоохранных мероприятий включает в себя организационно-хозяйственные, агротехнические, противоэрозион-

ные мероприятия. Их основное назначение - противоэрозионное и влагосберегающее. Мероприятия дифференцированы в зависимости от величины интенсивности смыва, учитывая тот факт, что основной причиной эрозионных процессов в склоновых ландшафтах Северного Казахстана является нерегулируемый сток талых вод. С целью защиты земель от деградации были определены виды мероприятий и территории их распространения, (границы и площади земель). Предложенные мероприятия должны реализовываться через проекты противоэрозионной организации территории сельскохозяйственного предприятия, а также рабочие проекты по использованию и охране земельных ресурсов.

Список использованной литературы

- 1 Стратегические меры по борьбе с опустыниванием в Республике Казахстан до 2025 года [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ecogofond.kz/wp-content/uploads/2018/06/opustinivanie.pdf>
- 2 Токбергенова А., Нюсупова Г., Арслан М., Каирова Ш., Киясова Л., 2018. «Причины и последствия деградации земель и опустынивания: пример из Казахстана» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-319-99728-5_11
- 3 Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель Республики Казахстан за 2020 год. – Нур-Султан, 2020 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://cawater-info.net/bk/land_law/files/kz-land2019.pdf
- 4 Алмаганбетов Н., Григорук В., 2008. «Деградация почв в Казахстане: проблемы и вызовы», Казахский научный институт экономики. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-1-4020-8257-3_27
- 5 Ozeranskaya N.*, Karbozov T., Bekturganova A., Zhuparkhan B., Kononova V. Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Land-scape Approach // Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences ISSN: 0975-8585 November – December 2016, RJPBCS 7(6) Page No.. 1788-1797 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://www.rjpbc.com/pdf/2016_7\(6\)/\[242\]](https://www.rjpbc.com/pdf/2016_7(6)/[242]) DOCUMENT TYPE: Sco-pus.

Руководитель: Озеранская Н.Л., доцент

ӘОЖ 332.3

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢА АГРОҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫНА ТАЛДАУ

Әубәкір Ф.Д., 2 курс магистранты

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан өзінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен перспективаларға ие, сондай-ақ әлемдік ауқымда азық-түлік проблемаларын шешуге өз үлесін қоса алады [1].

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының шаруашылықаралық жерге орналастыру олардың орналасуын, ауданын, құрылымын даму қажеттіліктеріне сәйкес келтіру, өндіріс тиімділігін арттыру, сондай-ақ жерді тиімді пайдалануды ұйымдастырудағы негізгі өндіріс құралы ретінде жүзеге асырылады. Шаруашылықаралық жерге орналастырудың нәтижесі (яғни, ауыл шаруашылық жер пайдаланушылықтар мен жер иеленушіліктері, олардың жүйелерін қалыптастыру және реттеу) ауыл шаруашылығы

өндірісінің және жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру, оның қорғалуын қамтамасыз ету, шығындар мен ысыраптарды азайту, сондай-ақ жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру болуы тиіс[2].

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердің игерілгендігі, пайдалану қарқындылығы өте сан деңгейлі. Бұл жағдай ауылшаруашылық кәсіпорындардың жер пайдаланушылықтарының құрылуына зор әсер етуі сөзсіз. Сондықтан олардың аудандары, орналасуы және тағы да басқа параметрлері осыған сәйкесті белгіленеді, өйткені жердің игерілгендігі шаруашылықтың мамандандырылғандығы мен өндірістің шоғырландырылғандығына тығыз байланысты. Жаңа жер иеліктері мен жер пайдаланушылықтары мынадай бірқатар жағдайларда құрылады:

- жаңа шаруашылықтар ұйымдастырылғанда;
- ірі жер массивтері (тың, суармалы, т.б.) игерілгенде;
- шаруашылықтар ірілендірілгенде немесе ұсақталғанда;
- бірнеше жер пайдаланушылықтар әр түрлі себептермен қайта құрылғанда [3].

Қазіргі уақытта жер пайдаланушылықтардың жобасыз қалыптасуы нәтижесінде шаруашылықтардың инженерлік коммуникациялармен, а.ш. өнімдерін қайта өңдеу және сақтау, а.ш. техникасын жөндеу кәсіпорындарымен байланысы нашар. Бұл жерді тиімді пайдалануға, оның құнарлылығына және ауыл тұрғындарының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайына теріс әсер етеді.

Жаңа ауылшаруашылық құрылымдардың жер пайдаланушылықтарын қалыптастырудың қазіргі заманғы проблемаларының бірі - олардың жер пайдаланушылықтарын тиімді орналастыру болып табылады.

Зерттеу кезінде Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің пайдаланылуына талдау жүргізілді. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының 2011-2021 жылдар аралығындағы санының динамикасына талдау Қызылорда облысының 3 ауданы аумағында жүргізілді (1-кесте).

1 – кесте. 2011-2021 жылдар аралығындағы аудандардың ауыл шаруашылығы құрылымдарының санының динамикасы

№	Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың атауы	Жалағаш ауданы		Қармақшы ауданы		Сырдария ауданы	
		2011ж	2021ж	2011ж	2021ж	2011ж	2021ж
1	Бағбандық және саяжай құрылысы үшін жерлер	-	-	3	2	921	921
2	Азаматтардың Ш(Ф)Қ жүргізуге арналған жерлер	217	418	240	31	631	1003
3	Мемлекеттік емес а. ш. заңды тұлғалардың жерлері	27	58	504	8	41	89
	а) а. ш. серіктестердің және акционерлік қоғамдар	12	20	249	7	20	28
	б) а. ш кооперативтері	1	5	-	-	-	-
	в) басқа кәсіпорындар	14	33	255	1	21	59
4	мемлекеттік ауылшаруашылық заңды тұлғалардың жерлері	2	2	1	-	2	2
	а) а. ш. ғылыми-зерттеу мекемелерді және оқу орындары	1	1	-	-	-	-
	б) қосалқы а. ш. кәсіпорындары	-	-	-	-	1	1
	в) басқа мемлекеттік кәсіпорындардың жерлері	1	1	1	-	1	1
Барлығы:		246	478	748	42	1595	2015

Нәтижесінде жер пайдаланушылықтардың санында біршама өзгерістер анықталды. Мысалы, азаматтардың Ш(Ф)Қ жүргізуге арналған жерлерінің саны соңғы он жылда 2 есеге жуық артқаны байқалады. Сонымен қатар Қармақшы ауданындағы мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғалардың жерлерінің ішінде ауылшаруашылық серіктестердің және акционерлік қоғамдарының саны 249-дан 7-ге азайғаны байқалады.

Жерді пайдаланушылықтардың ұтымды орналасуының басты шарты нақты табиғи-экономикалық жағдайларды ескере отырып, қашықтықты азайту болып табылады. Шаруа қожалықтарының жерді тиімді пайдалануы үшін оны елді мекендерге, өнім өткізу және өңдеу пункттеріне, инженерлік коммуникация желілеріне неғұрлым жақын орналастыру қажет. Ғалымдардың тұжырымы бойынша шаруа қожалықтарының тұрғылықты жерінен жер массивтеріне дейінгі орташа өлшенген қашықтық мал шаруашылығын қарқынды жүргізетін шаруашылық үшін 4 км, егін шаруашылығы үшін 6 км-ден аспауы керек [3].

Осыған орай зерттеу объектілері бойынша шаруа қожалықтарының аудандары мен орналасуына талдау жүргізілді (2 кесте).

2-кесте. Шаруа қожалықтарының орналасу мінездемесі

Т.б.	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Саны
1	Шаруа қожалықтарының жалпы ауданы, соның ішінде: -егістік -жайылым	га	6342 2350 2689
2	ШҚ жер учаскесінің қашықтығы: -елді мекеннен -жолдардан -өнім өңдеу және тапсыру пункттерінен	км	18 12 37

Кестеде келтірілген деректерге қарай отырып, шаруа қожалықтарының жер учаскелері елді мекеннен, жолдардан, өнім өңдеу мен тапсыру пункттерінен бірмаша алыс орналасқаны байқалады.

Бүгінде зерттелген аймақтағы суармалы жерлердің едәуір аудандары қанағаттанарлықсыз жағдайда. Суармалы жерлердің магистральдық каналға қатысты орналасуына байланысты шаруашылықтар суды біркелкі пайдалана алмауда.

Аумақты ұйымдастыру жермен тығыз байланысты өндіріс құралдарының тиісті ұйымдастырылуын білдіретіні белгілі. Оларға ирригациялық жүйе, гидротехникалық құрылыстар және ауыл шаруашылығы өндірісінің басқа да объектілері жатады. Суармалы аймақтағы өндірістің өзіндік ерекшелігі - өндіріс процесінде жермен қатар су өндіріс құралы ретінде қызмет етеді. Сондықтан суармалы жерлерді ұйымдастырудың негізгі бағыты оларды өнімді тұтыну пункттеріне барынша жақындату болып табылады.

Осыған байланысты шаруашылық құрылымдарының жер пайдаланушылықтарын орналастыру келесі тәртіппен жүргізілуі тиіс:

- жер пайдаланушылықтардың шаруашылық орталықтарына қатысты орналасуына талдау жасау;
- олардың өзара және алаптар мен сырттағы өндірістік орталықтармен транспорттық байланыстарын қолайландыру;
- өндірістік, мәдени-тұрмыстық объектілеріне, суару және су бұру жүйелеріне, инженерлік коммуникацияларға қатысты ұтымды орналастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Кульмаганбетова А. С. Рынок земель сельскохозяйственного назначения в Республике Казахстан/ WORLD SCIENCE: PROBLEMS AND INNOVATIONS: сборник статей IV Международной научно-практической конференции. В 2 ч. Ч. - Пенза: МЦНС “Наука и Просвещение”. - 2016. - 282 с.
- 2 Волков С. Н., Троицкий В. П., Конокотин Н. Г. и др. Землеустроительное проектирование; Под. ред. Волкова С. Н. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Колос, 1998. - 632 с.
- 3 Қырықбаев Ж. Қ., Карбозов Т. Е., Ахметов Е. С. Шаруашылықаралық жерге орналастыру - Астана С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ, 2017. - 64 б.
- 4 Чешев А. С., Фальков В. Ф. Основы землепользования и землеустройства - 3-е изд. - Ростов н/Д., изд. центр «МарТ», 2002. - 429 с.

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Баярлин А.Е.

ӘОЖ: 631.6.02

ТОПЫРАҚ ЭРОЗИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жалғасбай З.Д., 2 курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазіргі кезде қалыптасқан агроқұрылымдардағы ауылшаруашылық өндірісінің әрі қарай дамуы үшін қабылданатын шаралар жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі, топырақ эрозиясымен күресу болып табылады. Эрозияның келтіретін зияны ауылшаруашылық өндірісінің басты құралы топырақтың бұзылуымен байланысты. Мәселен, шаруашылықтар территориясындағы су эрозиясына ұшыраған жерлерден шамамен 50-60% дейін өнім алынбайды екен[3].

Топырақ эрозиясымен күресудің негізгі міндеті құрамында ұйымдастыру-шаруашылықтық, агротехникалық, орманмелиоративтік және гидротехникалық шаралар кешені қарастырылатын жерге орналастырудың ғылыми негізделген жобаларын әзірлеу болып табылады.

Жалпы эрозиятанушылардың топырақты эрозиядан қорғау жөнінде әзірлеген ұсыныстарында негізінен, агротехникалық, орманмелиоративтік және гидротехникалық шараларға көп көңіл бөлінген. Дегенмен, ұйымдастыру-шаруашылықтық шаралардың да маңызы зор, өйткені ол топырақты эрозиядан қорғау мен жерді дұрыс пайдалануда жетекші рөл атқарады. Олардың көмегімен эрозияға қарсы шаралар кешенін орындау үшін қажетті территориялық және ұйымдастырушылық жағдайлар құрылады. Осындай шаралардың бірі, эрозия процесін жою және құнарлылықты арттыру, әрбір жер учаскесін пайдалану сипатын анықтау кезінде құрылатын ауыспалы егістер мен ауылшаруашылық алаптарын ұйымдастыру болып табылады.

Ауыспалы егістер мен ауылшаруашылық алаптарын ұйымдастыру кезінде оларда орналастырылатын дақылдардың эрозияға қарсы ерекшеліктері және басқа да алаптардың тиімді пайдаланылуы ескеріле отырып, ауыспалы егістер жүйесі жобаланады. Сонымен қатар жыра-сайлармен кескінделген және ауыл шаруашылығына пайдалануға жарамсыз тік беткейлердің маңайына және басқа да қолайсыз жерлерге қорғаныштық ағаштар отырғызу, эрозияға қатысты неғұрлым қауіпті суағарлар мен егістіктің эрозияға күшті ұшыраған учаскелерін шалғындандыру, шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту жұмыстары жүргізіледі.

Жерді ауыл шаруашылығына пайдаланудан шығару экономикалық тұрғыдан негізделуі тиіс. Сондықтан шалғындау, басқа іс-шаралар арқылы эрозиялық процестерді тежеуге келмейтін, жыртылған жерлердің қатты эрозияланған учаскелеріне қолданылады. Жыртылған жерлердің көлемі тіпті үлкен болған жағдайларда да, егістік жерлердің ауданын сақтау мақсатында, ауылшаруашылық дақылдарын өсіріп-өндіруге мүмкін болатын барлық егістікке жарамды жерлер жыртылған жерге берілуі тиіс.

Топырақ эрозиясы байқалған аудандарда жыртылған жерді ұтымды пайдалануға, жоғары және тұрақты өнім алуға, топырақтың құнарлылығын арттыруға және эрозиялық процесстерді жоюға ықпал ететін, ауыспалы егістерді жобалауға көңіл бөлінуі тиіс.

Ауыспалы егістерді жобалау әрі қарай олардың ішкі территориясын реттестіруді және территорияны эрозияға қарсы тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізуді ескере отырып жасалады.

Ауыспалы егістерді жобалау кезіндегі негізгі мәселелердің бірі жыртылған жердің эрозиялануына, құнарлылығына, сонымен қатар, егістік массивінің елді мекенге қатысты орналасуына байланысты дақылдардың біркелкі орналаспауы болып табылады.

Осыған байланысты ауыспалы егістердің түрлері және оларды қандай дақылдар құрамымен жобалау тиімді екендігі анықталуы тиіс. Сондықтан жобалауды, олардың орналасуы, тіпті кейде көлемі территорияның ерекшеліктеріне қарай анықталатын ауыспалы егістерден бастаған жөн.

Негізінен құнарлы жайылмалы жерлерде көкөністік немесе көкөніс-мал азықтық ауыспалы егістер жобаланады. Ал отамалы және дәнді дақылдардың түсімділігін күрт төмендететін және оларды өсіру кезінде топырақ эрозиясының өршуіне ықпал ететін орташа және күшті шайылған топырақтарда, топырақ қорғау қасиеттері жоғары болып келетін көпжылдық шөптердің үлес салмағы басым топырақ қорғайтын ауыспалы егістер жобаланады.

Егер шайылған топырақтар кішігірім учаскелермен шаруашылық территориясында шашыраңқы орналасқан болса, онда оларды жеке-жеке өңделетін учаскелер ретінде далалық ауыспалы егістерге қосып, ал өте күшті шайылған топырақтарды тұрақты шалғындаған жөн.

Ең құнарлы эрозияланбаған және әлсіз эрозияланған топырақтарда далалық ауыспалы егістер жобаланады. Олар жақсы жер бедері мен топырақ жағдайлары бойынша ірі және ықшамды массив түрінде орналасқан жыртылған жердің негізгі территориясына орналастырылады.

Ғалымдардың пікірінше, топырағы шайылмаған және әлсіз шайылған тегіс учаскелер мен еңісі 1-20-тан аспайтын жайпақ беткейлерде дәнді және отамалы дақылдар себілген далалық ауыспалы егістерді жүргізген жөн. Ал еңісі тік беткейлерде, әдетте топырақ қыртысы эрозияланған және әрі қарай эрозияның өршу қауіптілігі бар, сонымен қатар отамалы дақылдарды механикаландырылған өңдеуге қиындық келтіретін далалық ауыспалы егістерде жаппай себілетін дақылдардың басым болғаны дұрыс[3,4].

Шырынды және жасыл мал азығын тасымалдау шығынын қысқарту мақсатында, мал фермалары мен жазғы лагерлердің орналасқан жері, жыртылған жердің қашықтығы, жер бедері мен топырақ жамылғысының сипаты, жайылымдардың орналасуы ескеріле отырып, мал азықтық ауыспалы егістер жобаланады.

Топырақ эрозиясымен күресу кезінде едәуір көлемді жерлерді алып жататын және жасыл мал азығын алудың негізгі көзі болып табылатын жайылымдар территориясын дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Табиғи жайылымдардың көптеген бөлігі жылғалардың баурайларында орналасады. Баурайлардағы жайылымдар территориясын ұйымдастыру кезінде оларды мал түрлерінің арасында дұрыс үлестіруге, жайылымдық айналымдарды және мал жаю жүйесін ұйымдастыруға негізгі көңіл бөлінуі тиіс. Яғни жайылымдарды жақсарту жөніндегі шаралар жобаланады.

Баурайлық жайылымдарды жақсарту жөніндегі тиімді шаралардың бірі оларды көпжылдық шөптермен жеделдетіп шалғындау болып табылады. Бұл жайылымдардың өнімділігінің артуына, жер оттылығының сапасының жақсаруына және топырақ эрозиясы процесінің жойылуына ықпал етеді. Ғалымдардың пікірінше жайылымдарды жеделдетіп шалғындау нәтижесінде жақсартылған жайылымдардың өнімділігі 5-6 есе артады екен[4].

Осылайша топырақ эрозиясы дамыған жерлердегі ішкішаруашылық жерге орналастырудың мазмұны мен оны жүргізу әдістемесіне әсерін тигізетін өзіндік ерекшеліктері бар. Осының бәрі топырақ эрозиясы дамыған аудандардағы агроқұрылымдарды ішкішаруашылық жерге орналастырудың негізгі мәселелерін экономикалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Барабанов А.Т. Регулирование стока талых вод путем воздействия на снегоотложение и характер промерзания почв / А.Т. Барабанов, Р.Д. Балычев, Р.Е. Смирнов // Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование. – 2012. - №1. - С. 10-13.

2 Озеранская Н.Л., Карбозов Т.Е. 6М090300 – «Жерге орналастыру», 6М090700– «Кадастр» мамандықтарының магистранттары үшін «Территорияны ұйымдастырудың қазіргі кездегі әдістері» пәні бойынша әдістемелік нұсқаулар«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ, Астана, 2019

3 Карбозов Т.Е., Жупархан Б.Ж. Территорияны эрозияға қарсы ұйымдастыру, 5В090300- «Жерге орналастыру» және 5В090700-«Кадастр» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған Оқу құралы.«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ, Астана, 2016

4 Кузнецов, М.С. Эрозия и охрана почв: учебник – 2-е изд. / М.С. Кузнецов, Г.П. Глазунов – М.: Изд-во МГУ, "КолосС" – 2004. – 352 с.

5 Ries J.B. Rainfall simulations constraints needs and challenges for a future use in soil erosion research/J.B. Ries, T.Iserloh, M.Seeger, D.Gabriels//Zeitschrift fur Geomorphologie. – Supplementary Issues. – 2013. - №57

6 N.Ozeranskaya, T.Karbozov, A.Bekturganova, B.Zhuparkhan,V.Kononova.

Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021718200>

7 Slattery M.C. Laboratory experiments on surface seal development and its effect on interrill erosion processes / M.C. Slatter, R.B. Bryan // Journal of Soil Science. – 1992. - №43 (3). – P.517-529

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., доцент Карбозов Т.Е.

ЖАҢБЫРЛАТЫП СУАРУДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Жеңіс Қ., 1 курс магистранты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Ауылшаруашылық өндірісін суару техникасымен тиімді қамтамасыз ету Агроөнеркәсіптік кешенде ерекше орын алады, өйткені мұндай техника суармалы ауылшаруашылық секторының өндірістік аппараты болып табылады, оның жұмыс істеуі еліміздің өңірлерінің түрлі климаттық жағдайларында және кейбір өндіріс технологияларында өнімнің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды, соның ішінде:

- ауыл шаруашылығы өнімін өндіру деңгейі (өнім өндіру көлемі, өсімдік өнімділігі, өндіріс рентабельділігі);

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы;

